

МЕКЕМБАЙ УМАРОВ

АНА ТІЛІ

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ
4-СЫНЫБЫНА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ**

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі баспаға ұсынған*

Жетінші басылымы

УЎК 811.512.126 (075)

КБК 81.2 Қаз-9

О-52

Пікір жазғандар:

- А. Қалдыбекова – Низами атындағы Ташкент Мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- А. Нысанбаева – Ташкент Мемлекеттік педагогика университетінің «Бастауыш білім беру және спорт мәдениеті» факультетінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- А. Ғаниева – Ташкент облысы, Қызырай ауданындағы 9-мектептің бастауыш сынып оқытушысы.
- Б. Джулдыбекова – Ташкент облысы, Шыназ ауданындағы 12-мектептің бастауыш сынып оқытушысы.

Өзіндік (практикалық) тапсырмалар:

 – Жаңа сабак

 – Ізденушілік деңгейдегі жаттығу

 – Шығармашылық деңгейдегі жаттығу

 – Үй жұмысы үшін берілген жаттығулар

**Республикалық мақсатты кітап
қорының есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-01-081-9

© М. Умаров, 2004–2017, 2020

© «O'ZBEKISTON» БПШУ, 2004–2017, 2020

II, III сыныптарда өткен сабақтарды қайталау

СӘЙЛЕМ



1-жаттығу. 1. Мәтінді түсініп оқындар. Мәтінде неше сәйлем бар екенін айтындар.

Бірінші қыркүйек – күз мезгілінің алғашқы айы. Осы ұлы күн 1991 жылдан бастап Өзбекстан Республикасының Тәуелсіздік күні ретінде салтанатпен атап өтіледі.

Тәуелсіздік мейрамын еліміздегі мектеп оқушылары да мерекелейді. Екінші қыркүйектен жаңа оқу жылы басталады.

Алғашқы сабақ Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік рәміздерінің бірі – Әнұранды шырқаудан басталады.

Әннің асылы, ұранның басымы – Әнұран.

2. Екінші сөйлемде не туралы айтылған?
3. 2-қырқүйектен не басталады?
4. Соңғы сөйлемдегі «Әннің асылы, ұранның басымы да – Әнұран» дегенді қалай түсінесіндер?

★ **2-жаттығу.** Диалогтарды кезектесіп оқындар. Сөйлемдердің сонына тиісті тыныс белгісін қойып жазындар.

- Өзбекстан қандай ел
- Өзбекстан – тәуелсіз ел
- Тәуелсіз елдің қандай рәміздері бар
- Тәуелсіз еліміздің өз Туы, Елтаңбасы және Әнұраны да бар
- Өзбекстан қандай елдермен шектеседі
- Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан және Түрікменстан елдермен шектеседі

 **3-жаттығу.** Сөйлемдердің қай әріптен бастап жазылғанына көніл бөліндер. Әр сөйлемнің сонына нүкте қойып жазындар.

Елмұрат – грек-рим күресі бойынша Риоде Жанейро олимпиадасы жеңімпазы. Ол жас кезінен спортпен шұғылданған. Бүгінде Бостандық ауданында жасайды Елмұрат Отанның да, ата-ананың да сенімін ақтап жүр

 **4-жаттығу.** 1. Өлеңді түсініп оқындар да, көшіріп жазындар.

Жері қандай?
 Елі қандай?
 Желі қандай?
 Жерүйық – құтты мекен.
 Ер көніл, тіпті бөтен.
 Сананды сайрататын
 Өзгеге бітті ме екен?



(Қайыпназар Шотбасов)

2. Өлеңдегі сұраулы сөйлемдердің астын сызындар.
3. Сөйлемдегі сөздердің **жуан**, **жіңішке** екенін анықтаңдар.
4. Неліктен сол сөздер **жуан**, **жіңішке** болып тұр?

5-жаттығу. 1. Өр сөзді өз орындарына қойып, сөйлемдерді дұрыс құрастырып, байланыстырып жазындар.

1. барып жүр, домбыра үйірмесіне, Бақыт.
2. ұзын көйлек, киемін, мен.
3. қыз, Жадыра –, өте ақылды.
4. қала, көрікті, Ташкент – .
2. Жалқы есімдердің астын сызындар.



6-жаттығу. Сөйлемдердің жігін тауып, тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар.

Сен жақында қандай қызықты кітап оқыдың
 кітап қалай аталады кітап кейіпкерлерінің қылышы
 саған ұнады ма ұнаған кейіпкерлерің туралы баяндап бер.



7-жаттығу. 1. Сөзжұмбақтың шешуін табындар.



Б				
---	--	--	--	--

				A
--	--	--	--	---

Б				
---	--	--	--	--

2. Сөзжұмбақ шешуі болған сөздердегі дауысты дыбыс әріптерін тауып, астын сызындар.

8-жаттығу. Сөйлемдерді оқындар. Хабарлы сейлемдерді үлгіге қарап, сұраулы сөйлемдерге айналдырып жазындар.

1. Бидай – астық. 2. Ол бидай орды. 3. Нан – ел байлығы. 4. Күн күлімдеді. 5. Ай шықты. 6. Мен мектептен келдім. 7. Айсұлу шашына ақ бантик байлады.

Үлгі: – Бидай – астық.
– Бидай астық па?

Бір нәрсе жайында хабарлау мағынасындағы сөйлемді хабарлы сөйлем дейміз. Хабарлы сөйлемнің соңына нұктесі (.) қойылады.

9-жаттығу. Сөйлемдерді оқындар. Хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырындар.

1. Самарқант – өзбек халқының көне қалаларының бірі.
2. Самарқанттағы жәдігерліктер қыштан салынған.

3. Самарқантта Мырза Ұлықбек бабамыздың обсерваториясы бар.

4. Бұл қалада ұлы сайыпқыран Әмір Темір бабамыздың да сәулетті кесенесі бар.

5. Самарқанттың наны – өзгеше нан.

Пайдаланылатын сөздер: қандай, ма, қайда, кімнің, ма, па?



10-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Қай сөйлем аяқталған ойды білдіріп түр?

1. Дүйсөнбі құні.
2. Болат қүшікті үйге әкелді.
3. Біздің сынып.
4. Жалғыз аяқ жолмен.



СӨЙЛЕМ МУШЕЛЕРІ

Сөйлемде белгілі сұраққа жауап болып, өзара байланыста айтылып, белгілі мүшелік қызметте жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестерін сөйлем мүшелері дейміз.

11-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазындар.

- Бас . . . 2. Шеке . . . 3. Ауыз . . . 4. Қабырға . . .
5. Сүйек . . . 6. Тізе . . . 7. Қарын . . .
8. Шаш . . .

Тиісті сөздер: тырысады, ауырады, қайысады, ашылады, бүгіледі, қақсайды, таралады, ашады.

2. Сөйлемдерде ойдың негізі болатын бастауыштың ісі мен қимылын білдіріп тұратын баяндауыштардың астын өз белгілерімен сыйындар.

12-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Бастауыш пен баяндауыштардың астын сыйындар.

Қоян түнде тіршілік етеді. Жайлауға қараңғы түскенде шығады. Қараңғыда оны байқау қын. Қысқа қарай қояндардың жұні түседі. Бұрынғы ескі жұннің орнына қалың жаңа түбіт өсіп шығады.



13-жаттығу. Берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдап, көшіріп жазындар.

1. Қызықты қыс басталды. 2. Оқушылар атанасына көмектесті. 3. Арухан, Ділназ – озат оқушылар. 4. Алтын күн нұрын шашты. 5. Аспанда ақ бұлт жоқ. 6. Оттан да ыстық Отанды сүй.

қандай? не? қайтті?

Үлгі: Қызықты қыс басталды.

1. Қызықты – сын есім, анықтауыш.
2. Қыс – зат есім, бастауыш.
3. Басталды – етістік, баяндауыш.



ДЫБЫС ПЕН ӘРІП

Қазақ тілінде 36 дыбыс, 42 әріп бар.

Әріп – сол дыбыстардың таңбасы. Осы 42 әріптің ішінде ешқандай дыбыстарды таңбаламайтын екі белгі бар. Олар мыналар: ъ (айыру белгісі), ь (жіңішкелік белгісі). Мысалы: отан сөзінде 4 дыбыс ([о], [т], [а], [н]) және 4 әріп (о, те, а, эн) бар.

14-жаттығу. 1. Сөздерді оқындар.

Мектеп, сынып, балалар, әдеп, гүл, лак, ғарыш, ваза, дала, жәндік, емен, зейін, йод, көктем, инабаттылық, қарындаш.

2. Сөздерді алфавиттік ретімен көшіріп жазындар.

15-жаттығу. Сөздерді оқып, әрқайсысында неше әріп, неше дыбыс бар екенін анықтаңдар. Сөздердегі дыбыстардың айырмашылықтарына назар аударындар.

Бол – бәл. Дау – тау. Ұш – үш. Ал – әл.
Үзіп – үсіп. Дал – дәл. Кеше – кесе.



16-жаттығу. 1. Мәтіндегі жуан айтылған сөздерді бір бөлек, жіңішке айтылған сөздерді бір бөлек жазындар.

Өзен жағасында

(Әңгіме)

Қармаққа балық қапты да, қалтқы тоңқаң етіп, екі елідей тереңге қарай жылжып, шым батып кетті. Әбдірахман «әйт» деп үлгергенше, бала құрығын қос қолдап көтеріп алып, басынан асыра кері қарай серпіпті. Судан сопаң етіп шығып, қармақ бауымен бірге жоғары көтерілген кішкене балық әуелеп келіп, жерге тарс ете қалды.

(Хамза Есенжанов)

Үлгі:

Жуан айтылған сөздер	Жіңішке айтылған сөздер
Қармаққа, балық,	Етіп, екі,

2. Мәтінде жуан-жіңішке аралас айтылған неше сез бар?

 **17-жаттығу.** Үлгі, дәл, әл сөздерін қатыстырып сөйлем құрандар.

Үлгі: 1. Жақсыдан үлгі ал. 2. Көкемнің бойында қуат, әл бар.

18-жаттығу. Төмендегі тиісті сөздерді орнына қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Бостандық ауданы – ... аудан.
2. Мынау – ... сұзы.
3. Бәрінен де ... жақсы.
4. ... тұрған адамның бір ісі артық.

Тиісті сөздер: Қарасудың (ненің), үлкен (қандай?), оқушыларға (кімдерге?), ерте (қашан?).

 **19-жаттығу.** Екпінділер деген сөздің әріптерін пайдаланып, бірнеше зат есім жасап жазындар. Сөздердегі қосымшалардың астын сыйындар.



У ДЫБЫСЫ

20-жаттығу. 1. Сөздерді оқып, кестедегі бағандарды әрі қарай толтырып жазындар.

Қуат, бояу, тұстену, журу, жұғу, аяз, иілу, өсу, тоқтау, қою, ию, қилю, килю, жиын, жиі, жирену, жидек, таяз, пияз.

Жуан у, и, я, ю дыбыстары бар сөздер мыналар:	Жіңішке айтылған сөздер
Қуат, ..., ...	Тұстену, ...,

2. У, и, ю, я дыбыстары неліктен кейде жуан, кейде жіңішке айтылады?

У дыбысы дауыссыз дыбыстан соң келсе, онда дауысты дыбыс болады: су, қу, ну, ту-ған, қу-рай, су-рет.

21-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

Мақалдар

1. Саға – дария с...ының көлге құятын жері.
2. Батыр т...са – ел ырысы. 3. Т...рашыл да т...-ғаның болсын. 4. Т...ысы бірдің ...ысы бір.

У дыбысы буын құрайды: бу-лан-ды, гу-ле-ді, жа-зу-шы.

Алдағы буынның жуан жіңішкелігіне қарай у дыбысы да жуан, жіңішке болады.

Мәселен, жуан у дыбысы: а-лау, жа-лау, па-лау.

Жіңішке у дыбысы: се-леу, же-леу, е-геу.

У әрпі дауыстыдан кейін келетін болса, онда ол дауыссыз дыбыс болады: бау, сау, лау, бесеу, алтау, жетеу.

У әрпі екі дауыстының арасында келсе, онда ол дауыссыз дыбысты таңбалайды: да-уыл, дә-уір, тә-уір, сә-уір, ке-уіл, ті-ре-уіш, са-уық, а-уыл.



22-жаттығу. 1. Өленді оқып шығындар.

Метаграммалар

Жазда өсіп, піседі,
Дәмі тәбет ашады.



«Қ»-орнына «Ж» қойсан,
Көктен тамып түседі,
Жердің шаңын басады.

(Қауын-Жауын)

2. Қауын, жауын сөздеріндегі у дыбысы жуан ба, өлде жінішке ме? Неліктен жуан, жінішке?
3. Қауын, жауын сөздерін буынға бөліп жазындар.

⌚ 23-жаттығу. Сөздердің ішінен у дыбысы дауысты дыбыс болған сөздерді көшіріп жазындар.

Хабарландыру, байқау, ілулі, бу, жаулық, қауыз, тәулік, оқушы, тау, ау, аула.

Дауыссыз дыбыстан соң қатар келген қос у дыбыстарының екеуі де дауысты дыбыс болады: қуу, туу, суу, көсекті шуу, қапты буу.

Қатаң п және ұяң б дыбыстары кейде үнді у дыбысына ауысып кетеді: қап – қабады – қауып алады, теп – тебеді – теуіп жібереді, жап – жабады – жауып қояды.

Қазақы, қалмақы дейтін сөздердегі ы дыбысының алдындағы қатаң дыбыс ұяңға айналмай жазылады.

24-жаттығу. 1. Буынға бөлінген сөздерді біріктіріп жазындар да, у дыбысы қандай дыбыстан соң келгенін айтындар.

Бау-лық, тау-лы, та-уық, қыр-ға-уыл, қа-уын, бел-беу, сөу-ле.



25-жаттығу. Сөз ортасындағы көп нүктенің орнына тиісті дыбысты қойып жазындар.

1. Қазанда ыстық су бар. 2. Ыстық су су...ға тиіс. 3. Қолынды тазалап жу. 4. Тамақтанудан бұрын қолынды сабынмен жу...ға тиіссің. 5. Тұлкіні қу. Қусақ, жақсының жолын қу...ымыз керек.



ҚОСАРЛЫ ДАУЫСТЫЛАР

Қосарлы дауыстылар мыналар: ё, я, ю.

Я қосарлы дауысты дыбысы й+а,
ю қосарлы дауысты дыбысы й+у, ё
қосарлы дауысты дыбысы й+о.

26-жаттығу. Сөздерді көшіріп жазып, қатар келген ый әрпінің орнына и жазылатынын байқандар.

Дұрыс емес:	Дұрыс:
шоқ-ый-ды	шоқиды
оқ-ый-ды	оқиды
ый-ық	иық
тоқ-ый-ды	тоқиды

27-жаттығу. 1. Сөздерді оқып, көшіріп жазындар.

Қыыр, биыл, жиын, қиын, киіз, иіс, аян.

Баян, бояну, қоян, жаю, қию, жуас, иір, иін, биік.

2. Бір сөздің құрамында қатар келген дауыстылардың астын сыйзындар.

* 3. Бұдан басқа қандай қосарлы дауыстысы бар сөздерді білесіндер.



28-жаттығу. Қате жазылған сөздерді қалдырып, дұрыс жазылған сөздерді көшіріп жазындар.

Ойу, қыйын, тоқұу, ою, шалқыйды, шалқиды, мая, аққұу, тоқу, жойу, жою, майа, аққу.

29-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөздерді қатесіз көшіріп жазындар.

1. Әл...я – батыр қызы. 2. Экскурс...яға барсақ, дұрыс болар еді. 3. Қар...яларға көмек бер. С...я таусылып қалды. 4. Көп тамақ жеу – аса з...ян. 5. Бұлшық еті бұлт...ып тұр. 6. Ағашты ...ю жақсы әдет емес.
2. Осы сөздердің жазылудың есте сақтаңдар.

Сый, тый сөздерінен өрбіген сөздерде -и емес, -ый жазылады. Мысалы: сый-тызыу, сыйдыр, тыйылу, тыйылмады.

30-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Анаңа тек қана гүл сыйла. 2. Ол да – жақсы сыйлық. 3. Сыйласаң, сый табасың. 4. Қызыға қырық жерден тыйым. 5. Беталды сөйлей бермей, тіліңе тыйым салып отыр.



31-жаттығу. Кестеден дұрыс жазылған сөздерді көшіріп жазындар.

Дұрыс емес:	Дұрыс:
си-лау-шы	сый-лау-шы
си-лан-ды	сый-лан-ды
си-ды	сый-ды
си-ла	сый-ла

 **32-жаттығу.** 1. Төмендегі сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырындар.

Мия, сия, қия, қиу, жиу, киу.

Үлгі: Киімді таза киу – әдептіліктің басы.

2. Жоғарыдағы сөздердің жазылуын есте сақтаңдар.

Сөз ішіндегі и әрпінен соң, а, у жазылмайды, оның орнына я мен ю жазылады.

Мысалы: Бердияр, естияр, қияр.

33-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқындар.

1. Хайуан да баласы үшін жанын **қиюға** әзір.
2. Шашылған мақтаны **жию** да – сауап.
3. **Дариядай** шалқы.
4. **Қариядай** қадірлі бол.
5. **Шадияр**, шатақ салма.

2. Қарамен жазылған сөздерді қатесіз көшіріндер.



34-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріндер.

Сөз мағынасын білесің бе?

1. ... – таудың, төбенің беткейі.
2. ... – бір нәрсені кесу, қырқу.
3. ... – көпжылдық өсімдік.
4. ... – зорлық, әділетсіз деген сөз.
5. ... бір нәрсені дәл келтіріп үштастыру.
6. ... – алыс жер.

Тиісті сөздер: қиу, қияқ, қия, қиулау, қиян, қиянат. (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен.)

Сый, тый сөздерінен өрбіген я, ю әріптерінің алдынан и емес, ы жазылады.
Мысалы: тыю, сыю, сыйяды, тыяды.

 **35-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып, қатесіз көшіріп жазындар.

1. Іш ауырса, ауызды тыю керек. 2. Не жақсы, достардың арасына сыю жақсы. 3. Біздің ауылға малың да, жаның да сыйяды. 4. Нұртай жаман әдеттерін тыяды.

Қазақ тіліндегі 12 дауысты дыбыстың ішінде ё, ю, я жоқ. Бұлар – екі дыбыстан құралған әріптер. Ё – й+о қос дыбысының таңбасы. Ю – й+у қос дыбысының таңбасы. Я – й+a қос дыбысының таңбасы.

Я әрпі й+a дыбыстарының таңбасы.

Мысалы: яғни, бояу, дария, сия, ая, мая.

36-жаттығу. -и, -ый әріптерінің жазылуына мән беріндер

И әрпі	ый әрпі	
иман	сыйлық	тыйым
инабат	сый, сыйлау	тый, тыйылуы
киік	сыйымды	тыяды
қыық	сыйяды	тыймайды
қия	сыймайды	тыймаған

 **37-жаттығу.** Баяу, сия, тыю сөздерін қатыстырып сөйлем құрандар.

 **38-жаттығу.** 1. Өлеңдердің екінші жолындағы көп нүктелердің орнына тиісті ұйқас болған сөздерді қойып жазындар.



– Өзінше ноян,
Қорқақ не?

– ...

– Бәрі бірдей жұмысқа
Шығатын не?

– ...



– Бата алмас тұлқі,
Үсті тікен не?

– ...

– Маңайын түгел көріп,
Біктен қарайтын не?

– ...

2. Шешу болған сөздердегі дыбыстардың жуан дауыссыз немесе жіңішке дауыссыз екенін аңғарындар.





 **40-жаттығу.** Қестедегі сөздердің дұрыс жазылғандарын қатесіз көшіріндер.

Дұрыс емес:	Дұрыс:
тию	тыю
сию	сыю
сияды	сыяды
тияды	тыяды



ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

Айтқанда ауаның ешбір кедергіге ұшырамай шығуынан жасалатын дыбыстар болады. Ондай дыбыстарды *дауысты дыбыстар* дейміз.

★ **41-жаттығу.** Сұрақтарға жауап жазындар.

1. Дауысты дыбыстар қай дыбыстар?
2. Қандай дыбыстар буын құрауға негіз болады?
3. Дыбыстар не арқылы таңбаланады?
4. Бір-біріне ұқсас дыбыстар қай дыбыстар?

42-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, жінішке дауысты дыбыстары бар сөздердің астын сыйындар.

Тыйым сөздер



1. Пышақ жүзін жалама.
2. Жаман іске үйренбе.
3. Түнде үй сыпырма.
4. Мезгілсіз жүрме.
5. Кірдің суын баспа.
6. Инені тістеме.
7. Иесіз үйге кірме.
8. Орынсыз күлме.

🏠 **43-жаттығу.** 1. Сөйлемдегі көп нұктенің (...) орнына тәмендегі тиісті сөздерді қойып жазындар.

1. Алып ... туады.
2. Жақсы сөз – ... азығы.
3. Сөз ... бәлеге жолығады.
4. Білген ...

сөйлейді, білмеген ... сөйлейді. 5. Отан ... да ыстық. 6. Ауа да, су да –

Тиісті сөздер: жан, анадан, тауып, құған, байлық, қауып, оттан.

2. Мақалдардағы сөздердің бастапқы буындарына назар аударындар.



Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстар жуан және жіңішке дауысты дыбыстар болып екіге бөлінеді.

Жуан дауыстылар: а, о, ұ, ы, (у).

Жіңішке дауыстылар: ә, е, ү, і, ө, э, и, (у).

Жақтың ашылу қалпына қарай дауысты дыбыстар ашық және қысан дауыстыларға бөлінеді.

Жақтың кең ашылып, ауаның еркін шығуынан жасалған ашық дауыстылар: а, ә, о, ө, е, ә.

Жақтың сәлғана ашылып, ауаның қысылып шығуынан жасалған қысан дауыстылар: ы, і, ү, ұ, ү, у.

44-жаттығу. 1. Қысан дауысты дыбысы бар сөздерді бір қатарға, ашық дауысты дыбысы бар сөздерді екінші қатарға жазындар.

Күз, жаз, күлкі, қанат, қонақтар, биік, әсем, өлке, ана, орамал, орақ, тілу.

2. Әрбір сөздің мағынасына назар аударындар.

3. Бірыңғай жуан дауыстылар мен бірыңғай жіңішке дауыстылардың сөз ішінде келгенін аңғарындар.

45-жаттығу. 1. Ашық дауыстылары мен қысан дауыстылары араласып келген мына сөздерді қатыстырып, сөйлем құрандар.

Өсімдік, көгершін, кендір, өндіріс, өткір, теңіз, қасқыр, жолбарыс, әнші, әйгілі, көмір, жеміс.

2. Сөздердің жазылуын есте сақтандар.



46-жаттығу. 1. Сөздердің ортасындағы көп нүктенің орнына тиісті ашық, қысан дауыстыларды қойып, көшіріп жазындар.

Жайлай

Ау...л қон...п жайл...уға,
Жаз...ққа бас байла...да.
Жас жеткіншек ...л мен қызы
С... жағалап ойна...да.

(Оразақын Асқар).



ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Айтқан кезде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз.

Дауыссыз дыбыстар үшке бөлінеді. Олар мыналар: қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар.

Қатаң дауыссыздар: *к, қ, п, с, т, ф, х, ш, ч, ң, ў*.

Ұяң дауыссыздар: *г, ғ, б, з, д, в, ң, ж*.

Қатаң, ұяң болып жұп құрайтын дауыссыздар мыналар:

Қатаң дауыссыздар: *п, ф, к, қ, т, с, ш*.

Ұяң дауыссыздар: *б, в, г, ғ, Ә, ӡ, ж.*

Үнді дауыссыздар: *р, л, й, у* (*бау, ауа, сау*), *м, н, Ң.*

47-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, оқып шығындар.

1. Асқар ... ау.

... ау бізге керек емес.

... ана мәніреді.

... ана ақыл айтты.

Әнді айтып ... ауыс.

Құлаққа жақсы ... ауыс келіп жетті.

2. ... ай іш.

... ай іс.

... ек бер.

... ек көр.

48-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазындар.

Кітап

Көзінді ашып, ойды өсіріп,

Айтады кітап өмір сырын.

Адамдыққа ақыл беріп,

Үйретеді өнер, білім.

Сол кітаптан үйренесін,

Көп әңгіме, қызық кеңес.

Оқып біл де, анық түсін,

Жаттап, жазып ертелі-кеш.

(С. Бегалин)

2. Өлең сөздерінде кездесетін дауыссыз дыбыстарды бөлінуіне қарай топтап жазындар.



49-жаттығу. Қатаң және үян дауыссыздарды қатыстырып 4 сөйлем құрандар.



ДАУЫССЫЗДАРДЫҢ ЖУАН, ЖІҢІШКЕ БОЛУЫ

Әр сөздің бастапқы буынындағы дауысты дыбыс жуан болса, ондағы дауыссыздар да жуан болады.

Мысалы: ын-ты-мақ, дос-тық.

Әр сөздің бастапқы буынындағы дауысты дыбыс жіңішке болса, ондағы дауыссыздар да жіңішке болады.

Мысалы: бе-ре-ке, бір-лік, ке-лі-сім.

Қ – қ, ғ – ғ дауыссыздары – жуан түрінде де, жіңішке түрінде де жұп құрайтын дауыссыз дыбыстар.

Жуан
дауыссыз
дыбыстар:
Қ

Жіңішке
дауыссыз
дыбыстар:
Қ

50-жаттығу. Құрамында қ, қ, ғ, ғ және х дауыссыз дыбыстары бар сөздерді көшіріп жазындар да, дауыссыздардың астын сызындар.

Әже

Жел қатая тұсті. Суыт жүргеннің өзінде үштөрт сағаттық жол бар әлі. Әжем де үнсіз. Шаңғытып келе жатқан батыс жаққа қарай береді. Төлеген қос торыны сар желіске салды.

Әжемнің бір бауыры қатты сырқаттанып жатыр деген хабар келіп, жолға сүйт шыққанбыз.

Барап жерге қозы көш жер қалғанда, күнде ұясына қонған. Үрінді қар тегістеп кеткен жол нобайы әрең көрінеді. Ауыр жол аттарды титықтатып тастаған сияқты.

(К. Сегізбаев)

51-жаттығу. Орны ауыстырылған сөздерден сөйлем құрастырыңдар.

1. аяғынан, Қарлығаш, жараланыпты.
2. соң, кемпірқосақ, шығады, Жаңбырдан.
3. моншақ, Жапырақ, шың, бетіндегі, тәрізді.
4. үрпиеді, қатты, қояндар, Қыста.
5. қатысты, қазақтың, Жарысқа, қыздары.



52-жаттығу. Сөздерді салыстырып жазыңдар.

Қ әрпі	Ң әрпі	Х әрпі
Қанат қазақ қарындаш	қаһарман қаһарлы гауһар	хат халық тарих



Дауыссыз *б*, *ә* дыбыстары сөздің басында, ортасында қолданыла береді. Мысалы: бақыт, бала, балапан, хабар, дауыл, долана, дәнек, ыдыс.

Дауыссыз *в* дыбысы тек қана орыс тілінен енген сөздерде жазылады: волейбол, автобус.

Дауыссыз *б*, *в*, *г*, *ә* дыбыстары орыс тілінен енген сөздердің ғана соңында қолданылады: штаб, микроб, велосипед.

53-жаттығу. Көп нүктенің орнына дауыссыз б, в, г, д дыбыстарының тиістісін қойып, көшіріп жазындар.

1. ...ағ...ан, ...аспа, ...анк, ...ір, ...ақа – шаян.
2. ...елосипед, ...итамин, а...томат – телефон.
3. ...алстук, ...араж, ...радусник.
4. ...оп, ...ала, ...әуір, ...анқ.

54-жаттығу. Сөздерді салыстырып оқындар.

Б әрпі	В әрпі	П әрпі	Ф әрпі
бота	велосипед	пішен	фабрика
бесік	вагон	піл	ферма
бақыт	ванна	пәтер	фильм
бала	ваза	перде	фильтр
бәйшешек	вазелин	пингвин	фото



55-жаттығу. Төмендегі сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жазындар.

Бейсенбі күні, опера және балет театры, винегрет, волейбол, гараж, газ, галстук, дуадақ, диірмен, дала.



Ф, ң, ҹ, ў әріптері орыс тілі арқылы келген сөздер мен адам аттарында жазылады: фабрика, кофе, цирк, центнер, чемодан, Щорс.

Ҙ әрпі ашы, тұщы, кеще дейтін сөздерде ғана жазылады.

Ң дыбысы: қаһар, қаһарман, қаһарлы, гауһар, жиһан, еһе, уһ, уһілеу, баһадүр дейтін сөздерде жазылады.

56-жаттығу. Көп нүктенің орнына ф, ц, ч, щ әріптерінің тиістісін қойып, қатесіз көшіріндер.

1. ...утбол, ...естиваль, ...анер, гра...ик, ас...алыт.
2. ...емент, ...ирк, ...иркуль, ...ентнер, ...ех, редак...ия.
3. у...или...е, бор..., ...и.

57-жаттығу. 1. Жұмбақтарды көшіріп жазындар. Қатаң дауыссыздардан басталатын сөздердің астын сызындар.

Сексен сегіз тілі бар
Сан құбылған үні бар.

(А. Асылбеков).



Аяқпен теп, баспен соқ,
Қол тигізбе, құқын жоқ.

(Е. Елубаев)



★ 2. Жұмбақтағы және одан басқа қай сөздердің қазақ тіліне орыс тілі арқылы енгенін айтындар.



58-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерді қатыстырып, хабарлы, сұраулы сөйлем құрандар.

Фанер, асфальт, футбол, цирк, цех, щетка.

Үлгі: 1. Құрылышқа фанер керек.

2. Ф, щ әріптері сөздердің қай буынында келіп тұрғанын айтындар.



ҚОСАРЛЫ ДЫБЫСТАР

Сс, лл, тт, мм дыбыстары – қосарлы дыбыстар.

Қосарлы *сс*, *лл*, *тт*, *мм* дыбыстарына аяқталған сөздер түбір қалпында өзгеріссіз жазылады. **Мысалы:** прогресс, металл, киловатт, грамм.

Қосарлы дыбыстары бар бұл сөздерге қосымша жалғанғанда қос дауыссыздың соңғы сыңары түсіп қалады.

Мысалы: прогресс – прогрес -тің, прогресс – прогрес-ке, прогресс – прогрес-і; металл – метал-дың, метал-ға, метал-ы; киловатт – киловат-ы; грамм – грам-ға, грам-ы.

59-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті өріптерді қойып жаттығуларды көшіріндер.

1. м – ММ: үш килогра... ..., екі килогра...ы, телегра... ...а, бағдарла...а;
2. л – ЛЛ: түсті мета... ..., мета...ды өндіру іci, арти... ...ерия;
3. т – ТТ: ва, ва ... қа.

60-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті қосарлы дыбысы бар сөздерді қойып көшіріп жазындар.

1. Мың – ... пернелі
Домбыраны көрген кім?
(А. Асылбеков)
2. Алтынның бір ... да – алтын.
3. Есептегіш неше ... көрсетіп тұр?

4. Он киловатт – сағаттың бес ... ғана ақша төләймін.

Тиісті сөздер: миллион, грамы (мысқал), киловатт, киловаттына.

 **61-жаттығу.** Емлесі қыын сөздерді орфографиялық сөздіктен қарап, қатесіз жазындар.

 **62-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына қарсы мәндес сөздерді тауып, жаттығуды көшіріңдер.

Тез – ...	Бала – ...	Жаз – ...
Терең – ...	Бай – ...	Бар – ...
Таң – ...	Бас – ...	Алыс – ...

2. Бірінші, екінші бағандағы сөздердің бірынғай қатаң, үянқ дауыссыздардан басталғанын айтындар.

63-жаттығу. Төмендегі сөздерді қатыстырып, хабарлы, сұраулы сөйлем құрандар.

Қаһарман, велосипед, вагон, фабрика.

 **64-жаттығу.** 1. Төмендегі сөздерді қатыстырып, хабарлы, сұраулы сөйлем құрандар.

Килограмм, грамм, прогресс, металл, киловатт.

2. Қосарлы дыбыстардың жазылуына назар аударындар.

БУЫН

Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарсыз өздігінен буын жасай алмайды.

Дауысты дыбыс дауыссыз дыбыспен тіркесіп келіп те, жеке тұрып та буын құрай алады. Мысалы: а-на, а-та, ә-же, о-тан.

Буын жасалуы үшін дауысты дыбыстың болуы шарт.

65-жаттығу. Сөз құрамындағы буындардың неше буыннан құралғанын айтындар.

Бір, астық, сіріңке, он, қызылша, жұз, қалта, мың, ынталы, тоқсан, бес, еркелік, балаларымыз, қыс, жетпісінші, асау, ән, әнші, оқытушыға, еңбектену.

66-жаттығу. Bir, eki, үш, төрт, бес буынды сөздердің әрқайсысын бөлек жазындар.

Үлгі:

1. Үш, ...
2. Қал-та, ...
3. Ын-та -лы,
4. Ең-бек-те-ну, ...
5. О-қы-ту-шы-ға, ...

 **67-жаттығу.** Екі, үш, бес буынды сөздерді қатыстырып хабарлы және сұраулы сөйлем құрандар.

 **68-жаттығу.** Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Сөйлем неден құралады?
2. Сөз неге бөлінеді?
3. Сөздегі буын санын қалай анықтаймыз?
4. Сөз жолға сыймай қалса, онда ол қалай жазылады?
5. Тасымал дегеніміз не?

- Неше буынды сөздер тасымалданбайды?
- Қазақ тілінде қандай дыбыстар буын құрайды?

69-жаттығу. Сөйлем, тасымал, тасымалданбайды деген сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

Жалғыз буынды сөзді және жалғыз дауысты дыбыстар құралған буынды тасымалдауға болмайды.

Жеке әріп тасымалданбайды: Орал, Әсем, Әмір.

Кісінің аты мен әкесінің атынан қысқарған бас әріптер фамилиядан бөлініп тасымалданбайды.

Мысалы: А. Құнанбаев, М. Мақатаев, т.б.

Санмен тіркесіп келген, қысқартылып алынған атаулар тасымалданбайды.

Мысалы: 5 кг, 10 см, 24 км, 10 га.

Дауыссыз дыбыстардың тіркесін жолда қалдыруға немесе келесі жолға көшіруге болмайды.

Мысалы: әлек-тр, ст-анция, анса-блъ.



70-жаттығу. 1. Салыстырып оқыңдар.

Дұрыс емес	Дұрыс
ме-ктеп	мек-теп
кіт-ап	кі-тап
дә-птер	дәп-тер
қағ-аз	қа-ғаз
саб-ақ	са-бақ
жа-қсы	жақ-сы

2. Екінші бағандағы сөздерді көшіріп жазыңдар.



БІРІККЕН СӨЗДЕР

71-жаттығу. Сөздерді оқып, сөз құрамына талдаңдар.

1. Аққорған, Жаңажол, Үшқұдық – аудан аттары.
2. Ақку, түйеқұс, жарқанат – құстар.
3. Ақбекен, қарақұйрық – жануарлар.
4. Айыппұл, айыпкер, айыпдол – сөздері қандай сөз?

72-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, біріккен сөздердің астын сызыңдар.

1. Ташкент пен Шымкенттің арасы машинаға бір сағаттық жол.
2. Асқабақ биыл да мол өнім берді.
3. Тасбақа жол үстінде көрінді.
4. Нұрсұлтан кең далға қарап, Қазанғаптың күйін тартты.
5. Қолың бос кезде Орал Таңсықбаевтың мұражайына барып, суреттерін тамашала.

Екі түбірден жасалып, бір мағына беретін сөздерді біріккен сөздер дейміз: ақ+қу, тас-бақа, шек-ара, Елібай, Айсұлу, Сырдария.



73-жаттығу. 1. Сөздерді көшіріп жазыңдар.

аққу	ақ + қу
ақбекен	ақ + бекен
асқабақ	ас + қабақ
алмұрт	ал + мұрт
Айсұлу	Ай + сұлу

2. Біріккен сөздерді екі түбірге бөліп жазсақ, айырмашылық бола ма?

 **74-жаттығу.** Адам аттарын дұрыс жазындар:

Аман + келді	Амангелді
Есен + келді	Есенгелді
Есен + қали	Есенғали
Аман + қали	Аманғали
Бай + қожа	Байғожа
Қазан + қап	Қазанғап

Алдыңғы түбір сөз дауысты дыбыстар мен ұяң, үнді дыбыстарға аяқталса, келесі түбірдің басқы дыбыстары ұяңдап, ғ, ғ әріптері жазылады: Нұргелді, Есенғали, Ботагөз, Айғыз.

Алдыңғы түбір қатаң дыбысқа аяқталса, келесі сөз қатаң қ, қ әріптерімен жазылады: Қоскелді; Сейітқұл, Аққызы.

Алдыңғы түбірдің соңғы дауысты және ұяң, үнді дыбыстарынан соң қ, қ дыбыстары ұяң болып айттылса, ғ, ғ әріптері жазылады.

75-жаттығу. Біріккен сөздің бірінші түбірін екінші түбірден «+» белгісі арқылы бөліп жазындар.

1. Сарыағаш суы.
2. Сарыөзектің ауасы.
3. Сұлтанмахмұт Торайғыров – ақын.
4. «Сарыарқа» күйі.
5. Зеңгіата ауданы.

Үлгі: Сары+ағаш, ...

Біріккен сөздердегі қатар келген екі дауысты дыбыс сақталып жазылады: Сарыарқа, Сарыөзек.

Жер-су аттарын білдіретін біріккен сөздер бас әріппен жазылады: Қоскөлір, Қосрабат, Жаңажол, Нұрата.

Екі сөзден құралған адам аттарындағы қатар келген екі дауысты дыбыстың біреуі түсіп қалады:

Дұрысы:

1. Жұма+ахмет – Жұмахмет.

Дұрысы:

2. Жұма+әділ – Жұмаділ.



76-жаттығу. Бірінші және екінші қатардағы сөздерді біріктіріп, бір мағына беретін біріккен сөз жасандар.

1. Ақ, ақ, ақ, тас, ит, шек, қалам.
2. Құтан, сақал, қу, бақа, мұрын, ара, сап.

Үлгі: итмұрын, ...



ҚОС СӨЗДЕР

Қос сөздер бірнеше әдіспен жасалады. Бір сөздің қайталануы арқылы жасалған қос сөздер: көре-көре, сөйлей-сөйлей, топ-топ.

77-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті қос сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Ол аяғын... басып келеді. 2. Кейлегінді ... етіп жыртып алма. 3. Бесіктауда ... шындар

бар. 4. Жасында қылжың болсаң, қартайғанда мылжың боласың. 5. ... сөйлей берме, қадірің кетеді. 6. ... жігіттер жиналып, көшені жөндеді.

Тиісті сөздер: ауыл-ауылдан, бостан-босқа, биік-биік, тілім-тілім, әрең-әрең.

2. Қай сөйлемде қос сөз жоқ екенін байқадындар?

78-жаттығу. Өлеңдерді көшіріп жазындар. Қос сөздерді тауып айтындар.

Берте лақ

Шөре-шөре, лағым,
Тентек болма, шырағым!
Секектеме, демінді ал,
Селтендемей құлағың.



Әукешім

Әукім-әукім, әукешім!
Қасиыншы әүкесін.
Енең әне келеді,
Ақ мамасын береді.



(«Тіл ашар» кітабынан)



79-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, қос сөздердің арасына дефис қойып жазындар.

Салақ

Ұят екен, Үримбала,
Сия сия түрін қара.
Қаламдарды көбейтпей-ақ,
Дұрыс ұста бірін ғана.

Салтақ салтақ түрін қара,
Ұят екен, Үримбала!

Өмірі су тимегендей
Киген көйлек бүгін ғана.

(Кәрім Сауғабаев)

 Қос сөздер екі түрлі сөздің қосарлануы арқылы да жасалады: ақыл-ес, үш-төртеу, жалт-жұлт.

80-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, қос сөздерді теріп жазындар.

1. Арыстанды көргенде мысықтың зәре-құты қалмады. 2. Әр күні болмаса да, оқта-текте атыңың жалын сипа. 3. Түс кезінде алайтүлей боран басталып кетті. 4. Түнімен жаңбыр құйып, сай-сала суға толды. 5. Күріштің ішінде бірен-саран күрмек бар.

(Боран Қыдыров)

Кейде сөздің алдына қүшейткіш буындар қосылуы арқылы да қос сөздер жасалады: ап-анық, кіп-кішкене, үп-үлкен.

81-жаттығу. 1. Бағанның екі жағындағы сөйлемдерді салыстыра оқып, көшіріп жазындар.


1. Ашық аспан.
2. Тұзу көше.
3. Дұрыс сөз.
4. Қызыл алма.

2. Қүшейткіш буындардың астын сыйындар.

1. Ап-ашық аспан.
2. Тұп-тұзу көше.
3. Дұп-дұрыс сөз.
4. Қып-қызыл алма.



★ **82-жаттығу.** Тәмәндегі сурет бойынша «Саяхатшылар» деген атпен өңгіме жазындар.



Әңгіменің жоспары:

1. Саяхатқа дайындық жасау.
2. Сапарымыз басталды.
3. Тау көріністері.
4. Көл жағасындағы демалыс.



ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

83-жаттығу. 1. Бағанның екі жағындағы сөздерді көшіріп жазындар.

1. АҚШ
2. ТашМУ
3. га
4. кв
5. см

Америка Құрама Штаттары
Ташкент Мемлекеттік Университеті
гектар
квадрат
сантиметр

2. Қысқарту үлгісі бойынша жазылған сөздердің астын сызындар.

84-жаттығу. Қысқарған кісі аттарын көшіріп жазындар.

Ә. Науай, А. Құнанбаев, М. Жұмабаев, А. Қадыри, М. Әуезов, О. Таңсықбаев, А. Аripov, Е. Вахидов, О. Сүлейменов, Т. Айбергенов, М. Мақатаев, С. Сайдид, Ф. Оңғарсынова, Ә. Қожамұратов, А. Сабыров.

Бірнеше сөзден тұратын атаулардың қысқартылышы мен жазылуын қысқарған сөздер дейміз: 10 м, 20 см, 2 км, ҚХР, ӘР.



85-жаттығу. Сыныптастарыңың аты-жөнін әліпбілік ретпен жазындар.

Үлгі:

1. Арманов Асқар.
2. Әлішеров Әлібек.
- 3.

86-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, қысқарған сөздердің астын сызындар.

1. Машинаны МАИ қызметкерлері тоқтатты.
2. Шыршық өзенінде бірнеше ГЭС бар.
3. Түске дейін 5 га жердің арам шебін отадым.
4. Үй алдына «Газ-51» машинасы келіп тоқтады.

87-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Біздің елде ГФР-дің өлшілігі бар.
2. ӘР мен ҚР – егеменді мемлекеттер.
3. Бес км

жерге жүгірсем де, шаршамадым. 4. 4 кг бал сатып алдық. 5. Сиырдан 8 л сүт саудық.



88-жаттығу. 1. Қайсысы қысқарған сөз екенін анықтап, көшіріп жазындар.

Ақша, АҚШ.

ӨР, өрік.

Ту, «Ту-154».

ҚР, қыр.

2. Қысқарған сөздердің астын сызындар.



СӨЗ ТАПТАРЫ

89-жаттығу. 1. Қарамен жазылған сөздердің үстіне сұрақтарын жазындар.

1. **Алтын** – түсті металл. 2. **Алтындаі** жарқырап, қадірің арта берсін. 3. Бар ойынды **алтында**. 4. **Алты** – жұп сан. 5. Анау – менің атым. Бері жүрмей, **ары** жүрді.

2. Осы сөздердің әрқайсысы қандай мағынаны білдіріп түрғанын байқаңдар.

90-жаттығу. Кестені көшіріп жазындар.

№	Сөздер	Қандай мағынаны білдіреді?	Сұрақтары
1.	Алтын	Зат есімдік мағынаны білдіреді.	Не?
2.	Алтындаі	Сын есімдік мағынаны білдіреді.	Қандай?
3.	Алтында	Қимылдық мағынаны білдіреді.	Не істе?
4.	Алты	Сандық мағынаны білдіреді.	Неше?
5.	Ары	Өзінше беретін мағынасы жоқ, дәнекерлік қызмет атқарады.	

Мағынасына, тұлғасына және сөйлемдегі қызметіне қарай бөлінетін сөздерді сөз табы дейміз. Әрбір сөз табының ез аты бар.



91-жаттығу. Қазақ тіліндегі сөз таптарын санаңдар.



92-жаттығу. Сөз таптарын топтап жазыңдар.

Жиырма бес, сабақ, жақсы, бол, тер, тершең, бой, бойшан, күлкі, күлкішіл, орындары, жауды, арыстан, түк, түксиді, әдемі, әлем, көтерді, Қамбар, алпыс алты.

1. Зат есім: сабақ, ...
2. Сан есім: алпыс алты, ...
3. Сын есім: күлкішіл, ...
4. Етістік: түксиді, ...

93-жаттығу. 1. Сөздерге жүрнақтардың тиістісін жалғап, дефис арқылы жазыңдар.

Тіс, ақыл, көл, қара, күміс, бала, жаз, көр.

Тиісті жүрнақтар: -ды, -ла, -те, -ік, -дей, -ғаны, -тей, -лық.

2. Үстіне сұрақтарын қойып, қай сөз табына жатынын анықтаңдар.



94-жаттығу. 1. Мәтінді оқып шығып, қарамен жазылған сөздердегі тәуелдік жалғауларын дефис арқылы бөліп жазыңдар.

Шыжыған ыстық. Қолдарында ол-пұл заттары бар, терлеп-тепшіген үш адам автобус


аялдамасына келді. **Бірі** – Болжан атты кішкене бала, **екіншісі** – соның **шешесі**, үшіншісі – **әжесі**. Көп күттірмей керекті автобус та келе қалды. Жолаушылар қаптап жерге түскен соң, аялдамадағы он шақты кісі автобустың ішінеге кірді.

(Машқар Гумеров)

Үлгі: аялдама-сына, ...

2. Мәтінде жылдың қай мезгілі баяндалып тұр?

⌚ ★ **95-жаттығу.** Суретте бейнеленген тау, көл, оқушыларға ат қойың, «Тұған жер» атты қысқа әңгіме жазындар.



96-жаттығу. Жыр жолдарын мәнерлеп оқып, тәуелденген сөздерді біріктіріп жазындар да, тәуелдік жалғауының астын сызындар.

Ойда жоқ жерде от шығып,
Қоныс-ы-мыз тарылды;
Қызу-ы-на шыдамай,
Жүргег-і-міз жарылды.

(«Қамбар батыр» жырынан)



97-жаттығу. 1. Сөздерге тәуелдік жалғауын жалғап, тәуелдендер.

Отан, ел, ауыл, халық.

Үлгі:

Жекеше:

I жақ. Менің халқым.

II жақ. Сенің халқың.

Сіздің халқыңыз.

III жақ. Оның халқы.

Көпше:

Біздің халықтар ...

Сендердің ...

Сіздердің ...

Олардың ...

2. Ауыл, халық сөздеріндегі ы әрпі неліктен түсіп қалды?



ЗАТ ЕСІМ

Заттың, нәрсенің атын білдіріп, кім?, не? немесе кімдер?, нелер? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді зат есім дейміз: Айбек, оқушылар, кітап, қарындаштар.

Зат есімнің жекеше түріне кім?, не?, көпше түріне кімдер?, нелер? деген сұрақтар қойылады.

Кісінің аты-жөні (Әлішер Науай, Абай Құнанбайұлы), жер-аттары (Ташкент, Нөкіс), көше аттары (Өзбекстан көшесі), хайуанат аттары (Құлагер, Мойнақ) бас әріппен жазылады.

98-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқып, зат есімдерді табындар.

- Еңбек пен ерлік даңқынды асырады.
- Ташкент – Өзбекстан Республикасының аста-

насы. 3. Бұл жер – халықтар достығының туын биікке көтерген құтты мекен. 4. Өз үйің – өлең төсегің. 5. Күз айында бұл Отанда күріш жиналып, мақта теріледі.

2. **Еңбек, ерлік, Ташкент, жер, үйің, күріш, мақта** деген сөздердің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

3. Осы сөздердің бәрі де қандай сұраққа жауап беріп тұр?

99-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. ... бал-бұл жанып тұр. 2. ... аяқтала бере, Олжасқа ... қол соқты. 3. Олжастың өз ... – Сәрсенбай жырау. 4. Оның ашық ... құлағымнан кетпейді. 5. ... оған ерекше қасиет сыйлаған.

(Ағира Хайдарова)

Тиісті сөздер: терме, жүзі, даусы, табиғат, көрермен, әкесі.

2. Зат есімге жататын сөздердің астын сызыңдар.



100-жаттығу. 1. Тәуелдік, көптік және жіктік жалғаулы сөздерді кестедегі бағандарға топтап жазыңдар.

Сахнасы, бұлттар, баламын, теледидары, көлің, қыздар, жыршымыз, әңгімесі, әншісің, журналдар, журналы, бишілер, симфониясы, ойы, ректормын, директорымыз.

№	Тәуелдік жалғаулы сез	Көптік жалғаулы сез	Жіктік жалғаулы сез
	оый	қыздар	әншісін

2. **Симфониясы, ректоры** деген сөздердің мағынасын мұғалім арқылы біліп алыңдар.

 **101-жаттығу.** 1. Сөздерді оқып шығындар.

Қарауыл, тырна, қиял, ой, бор, қызғыш, сұрғылт, ақ, желкілдеді, ысқырды, күлді, тоқсан тоғыз, он бес, елу жеті, үш.

2. Заттық, сындық, қимылдық және сандық мағыналарды білдіретін сөздерді топтап жазындар.

Үлгі:

1. Заттық мағынаны білдіретін сөздер: бор, ...
2. Сындық мағынаны білдіретін сөздер: ақ, ...
3. Қимылдық мағынаны білдіретін сөздер: күлді, ...
4. Сандық мағынаны білдіретін сөздер: үш, ...

102-жаттығу. 1. Жаңылтпаштарды көшіріп жазындар.

Әні – сәні

Әрі – сәрі

Әлі, Сәлі

Әлі сары.

2. Қарамен жазылған сөздер қос сөз бе, біріккен сөз бе?

3. Адам аттарын білдірген сөздердің астын сыйындар. Үстіне сұрақ қойындар.



103-жаттығу. Адам аттарын білдіретін сөздерді қатыстырып бес сөйлем құрандар.

 **ЗАТ ЕСІМ ЖАСАЙТЫН ЖҰРНАҚТАР**

Зат есім жасайтын жұрнақтар екіге бөлінеді:

1. Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар.

2. Етістіктерден зат есім жасайтын жүрнақтар.

Есімдерден зат есім жасайтын жүрнақтар:

1) -шы, -ші: оқушы, биші, қойшы, әнші.

2) -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: балалық, қорлық, батылдық.

Етістіктерден зат есім жасайтын жүрнақтар:

1) -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: жарма, көрме, қақпа, кеспе.

2) -ыс, -іс: айтыс, егіс, қоныс, бұрылыш.

3) -ыш, -іш: қуаныш, сүйініш.

4) -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш: сызғыш, сорғыш.

104-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазындар.

Теңізші

Соға түссе дауылы,
Арта түсер айбыны.
Теңізшінің ауылы –
Шалқар теңіз айдыны.

(Төлөгөн Мұқаев).

Жылқышы

Әншейінде ұрыншақ,
Қит етпейді құлышақ.
Мінсем деймін бір атқа,
Қорқып жүрмін бірақ та.



2. Қай мамандық иесі екенін білдіріп тұрған сөздердің қосымшасын (жүрнағын) түбір сөзден бөліп жазындар.

105-жаттығу. Көп нүктенің орнына -шық, -лық, -дік, -дық, -шақ, -шек жүрнақтарын қойып, сөздерді көшіріп жазындар.

Қала – қала	Бола – бола
Бала – бала	Келе – келе
Жүз – жүз	Іні – іні
Сараң – сараң	Тәртіпсіз – тәртіпсіз



106-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазындар. Қане, ол қандай жүрнақ екен?

Сәскең бе, түсің бе,
Мейлі, түн ішінде
Ішің бе, тісің бе,
Ауырса,
Бауырша
Болады кім әбігер?
–Дәрі ...!

(Тынышбай Рахымов).



Біз пішен... боп алдық,
Жұмыстан кеш оралдық.
Жақсы болды түтін ...,
Біз масадан құтылдық.



(Адырбек Сопыбеков).

Тиісті жүрнақтар: -шы, -ші, -кер, -гер.



ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ

Зат есім жекеше, көпшеге бөлініп, тәуелденеді, жіктеледі және септеледі.

107-жаттығу. Мәтінді оқындар. Асты сызылған сөздердегі түбір мен қосымшаны дефис арқылы бөліп жазындар.

Бұл – біздің ауыл. Ауылдың арғы жағында өзен бар. Өзенге барып тұрамыз. Бірде Қарсыбайды сонда көрдім. Оның досында гүл бар екен. Гүлден өсем не бар?

Сапармен бірге ауылға жүр.

108-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, сөздерді қатесіз көшіріңдер.

Ара... көзі, қаз... қанаты, ат... жалы, іні... сөзі, көл... беті, бесік... басы.

Тиісті жалғаулар: -ның, -дың, -тың, -дің, -нің, тің.

2. Зат есім қайда? Астын сызындар.

Жұмаш,
Көзінді жұм, аш!

Септік жалғауы – жалғаудың бір түрі.

Септік жалғаулары да басқа жалғаулар сияқты сөйлемдегі сөздерді байланыстырады.

Зат есімге септік жалғауының жалғаңып, септелуін за *m* есімнің септелеуі дейміз.

Зат есімді басқа сөзбен байланыстырынын жалғауларды септік жаулаулы дейміз.

Септік жалғаулары жетеу: *атаяу, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес*.



109-жаттығу. 1. Үлгіні оқып шығындар.

Зат есімнің септелуі

Септік аттары	Зат есімге қойылатын сұрақтар	Септік жалғауларының түрлері	Зат есімнің септелуі
Атау септік	Кім?, не?	–	Жылқы, піл
Ілік септік	Кімнің?, ненің?	-ның, -дың, -тың, -нің, -дің, -тің	жылқының, пілдің
Барыс септік	Кімге?, неге?	-ға, -ге, -на, -не, -қа, -ке, -а, -е	жылқыға, пілге
Табыс септік	Кімді?, нені?	-ны, -ды, -ты, -ні, -ді, -ті	жылқыны, пілді
Жатыс септік	Кімде?, неде?	-да, -де, -нда -та, -те, -нде	жылқыда, пілде
Шығыс септік	Кімнен?, неден?,	-нан, -дан, -тан, -нен, -ден, -тен	жылқыдан, пілден
Көмектес септік	Кіммен?, немен?	-мен, -бен, -пен	жылқымен, пілмен

2. Септіктерді жаттап алындар.

 **110-жаттығу.** Сөздерді оқып, оларға сұрақ қойындар. Жалғанған септік жалғауларын дефис арқылы бөліп жазындар.

1. Атау	табиғат	еңбек
2. Ілік	табиғаттың	еңбектің
3. Барыс	табиғатқа	еңбекке
4. Табыс	табиғатты	еңбекті
5. Жатыс	табиғатта	еңбекте
6. Шығыс	табиғаттан	еңбектен
7. Көмектес	табиғатпен	еңбекпен

111-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Бостандық – таулы аймақта орналасқан аудан. Оның орталығы Фазалкенттің болашағы үлкен. Жүрт сенбі қуні Шарбаққа бет алады. Белдерсайды көрдің бе? Шаңғынды алып, қыста сонда бар. Жазда таудан керемет жел еседі. Қапалдағы жолмен жүру де бір бақыт қой.

(Зиямиддин Масатов).

2. Мәтінге ат қойып, мазмұнын айтыңдар.



112-жаттығу. 1. Қарамен жазылған сөздер қай жалғаулар арқылы байланысқан?

1. Ұлын **үяға қондырды**, қызын **қияға қондырды**. 2. Ол аяқ киімін **шүберекпен сұртті**. 3. Қолыңа қоңыр **дәптерді ал**. 4. Бұл – **атамның дәптері**. 5. **Анамның даусы** асыл мұраттарға үндейді. 6. Айтқан сөздерің **көкірегімде сайрап тұр**.

(Зиямиддин Масатов).

2. Өзара байланысқан сөздерді көшіріп жазыңдар.



АТАУ СЕПТІК

Атау септігіндегі зат есімдердің сұрақтары:

1. Жекеше түрінде: *кім?*, *не?*

2. Көпше түрінде: *кімдер?*, *нелер?*

Атау септігінің арнаулы жалғауы жоқ.

Атау септігіндегі сөздер басқа септіктердегі сөздерге негіз болады.

113-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына сөйлемнің мағынасына қарай атау септігіндегі зат есімдерді қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. ... – зор байлық. 2. ... – білім бұлағы.
3. ... – халықтың гүлі. 4. Ел... – дуалы. 5. Ер ... – ат. 6. ... тua жаман емес, жүре жаман болады. 7. ... төлден өседі. 8. ... баққандікі, ... жыртқандікі.

(«Қазақтың мақал-мәтептері» кітабынан).

Керекті сөздер: қыз, аузы, кітап, жер, денсаулық, адам, түлік, мал, қанаты.

2. Қай сөз септелмейді? Астын сызындар.

Келді, оқу, «бестік», бауыр, елім.

114-жаттығу. Астының сөздердің үстінен сұрақтарын жазындар. Бұл сөздер қай түрде (жекеше, көпше) қолданылған?

1. Балалар шөп орды. 2. Мұғалім сабакқа ерте келді. 3. Сапар Таразда жасайды.
4. Көгершіндерге көмек бер. 5. Ұшақ аспанға

көтерілді. 6. Ұшқыштардың шеберлігі мол.
7. Аққуларға тас атпандар. 8. Ақку – киелі құс.



115-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Атау септігіндегі зат есімдерді тауып, астын сызындар. Сұрақтарын үстіне жазындар.

1. Аулада алма, өрік, алша өсіп тұр.
2. Жемістер балбырап пісті. 3. Кеше ағай ән салды.
4. Әншілер Құтбайдың әнін айтты.
5. Сиыр – сүтті мал.
6. Жылқы – құтты мал.
7. Жануарлар көк майсада жайылып жүр.

не?

Үлгі: Қара **бұлт** көрінді.

116-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, жаңылтпаштарды көшіріп жазындар.

Ақжарда үш ...ар бар,
Әр ...арда жұз ...ар бар.

Тиісті әріптер: ш, ж.

2. **Жар, шар** деген сөздер қай септіктің сұрағына жауап беріп тұр?

3. Бұл сөздер қандай мағынаны білдіреді?

117-жаттығу. Сөздердің жалғауларын алып тастап, атау септігіне айналдырып жазындар.

1. Ұрыстың, қанаарға, араны, балада, тоннаны, кептермен.

2. Қозылардың, түйелерге, сиырларды, ешкілерде, еліктерден, киіктермен.

Үлгі: 1. Тон, ...

Киіктер, ...



118-жаттығу.

1. Өлеңді мәнерлеп оқындар.



Мұзбалак

Екі тәулік өткен-ді,
Ата бүркіт аш қалды.
Қия тартты тастарды.
Күз ығысып кетті енді,
Қиямет қыс басталды.
Азық табу оңай ма,
Ақ иығын талдырды.
Андар ығып тоғайға,
Адырларды қалдырды.

(Мұқагали Мақатаев).

2. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойып, олардың қай септікте тұрғанын айтындар.



119-жаттығу. Сөйлемдерді мағынасын түсініп оқыңдар. Атау септігіндегі зат есімдерге сұрақ қойындар.

1. Күндерде бір күн хан алыс жолға аттанды.
2. Бұл хабар жұртқа тегіс жайылды.
3. Бала жол жүреді.
4. Әскерлер су таба алмай, шөлдеп қырылатын болады.
5. Өгіз мөніреп барып, бір жерді сүзе құлайды.
6. Бала бір үйір жылқы береді.

(«Қазақ ертегілерінен»)

*** 120-жаттығу.** 1. Қазақ өйелдері, ер азаматтарының атауларын көшіріп жазындар.

Ана, мама, шеше, әже, ене, апа, апай, әпке, сіңлі, қарындастас, ханым, ханша, ханзада, бике, бикеш, жеңеше, қайынсіңлі, құдағи, құдаша,

балдыз, ата, атай, баба, аға, ағай, іні, көке, қайын, құда, хан, бек, би, жезде.

2. Осы сөздердің ішінен 4-еуін қатыстырып, сөйлем құрап жазындар.

3. Атау септігіндегі сөздің астын сызындар.

Атау септігіндегі сөздер көбінесе бастауыш болады.



121-жаттығу. Атау септігінде түрған сөздің астын бастауыштың (-) белгісімен сызындар.

1. Жайларда қозы жүр. 2. Кеңес Шеңгелдіде жасайды. 3. Өн бәрімізге ұнады. 4. Бүгін күн ашық. 5. Ол баға алды.



ІЛІК СЕПТІК

Ілік септігінің сұрақтары:

1. Жекеше: кімнің?, ненің?

2. Көпше: кімдердің?, нелердің?

Ілік септігінің жалғаулары: -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің.

Қосымшалар жуан буыннан соң жуан түрде (-ның, -дың, -тың), жіңішке буыннан соң жіңішке түрде (-нің, -дің, -тің) жалғанады.

122-жаттығу. Сөйлемдердегі асты сызылған сөздерге сұрақ қойып, қай септікте түрғанын жазындар.

1. Ташкенттің жазы да, қысы да жақсы.
2. Қай елге болмасын, бейбітшіліктің пайдасы

көп. 3. Асқардың, Жұмабектің, Еламанның, Аманнның аулы гүл жайнап тұр. 4. Жақсы бала атасының сөзін екі етпейді.

123-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, сөйлемдерді көшіріндер.

1. Сынып... қабырғасы. 2. Үй... іші.
3. Мысық... құлағы. 4. Машина... моторы.
5. Ұшақ... даусы. 6. От... жылуы. 7. Түйе... шұбаты. 8. Сиыр... сүті. 9. Бидай... дәні.

2. Ілік септігі жалғауларының астын сызындар.

 **124-жаттығу.** 1. Атау септігіндегі сөздерді ілік септігіндегі сөздерге айналдырып жазындар.

Орамал, бәтеңке, киім, құс, жануар, диқаншылық, егіншілік, тау, қарағай, жартас, қайың, жыра, үй, жолаушы.

2. Ілік септік жалғауларын атандар.

 **125-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқындар да, ілік септігіндегі сөздердің жалғауын түбірден дефис арқылы бөліп жазындар.

1. Құлтайдың ағасы осы ауылға қызметке келді. 2. Ағабектің мақтанышы қойнына сыймай кетті. 3. Құннің көзі көрінді. 4. Ата-ененің жоралғысы бойынша басына берік кигізді. 5. Алыстан Асылханның төбеті көрінді.

2. Ілік септігіндегі сөздің астын ирек (), атау септігіндегі сөздің астын түзу сызықпен сызындар.

Ілік септігіндегі сөздер сөйлемнің анықтауыш мүшесі болады: Бұл – қаздың майы. Анау – ауылдың тұсы.

126-жаттығу. Ілік септігіндегі сөздерді теріп жазындар.

1. Менің әкемнің беті қып-қызыл, бойы ұзын, шашы қап-қара.
2. Ақтайдың үйінің іші-тысы бірдей салтанатты, көрікті.
3. Мәдениет сарайының үлкен залында жиналыш өтті.
4. Сырдың терісі қалың, өзі денелі, жұмыр, зор келеді.

 **127-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазындар.

Қастерлеген ... шаңырағы,
Бүкір өжем алдында анырады.
(Қобыз).

Тілін бассам, сандығым
Айтады ... барлығын.
(Күйсандық).

Тиісті сөздер: әннің, қазақтың.

2. Сөйлемнің анықтауыш мүшесі болған сөздің астын ирек сыйықпен сыйындар.



БАРЫС СЕПТІК

Барыс септігінің сұрақтары:

1. Жекеше: кімге?, неге?
2. Көпше: кімдерге?, нелерге?

Барыс септігінің жалғаулары: -ға, -ғе, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е.

Барыс септігінің жалғаулары жуан буыннан соң жуан түрде (-ға, -қа, -на, -а), жінішке буыннан соң жінішке түрде (-ғе, -ке, -не, -е) жалғанады.

Тәуелдеулі зат есімдерден соң -на, -не, -а, -е жалғаулары жалғанады.

128-жаттығу. Сөйлемдердегі асты сыйылған сөздерге сұрақ қойып, қай септікте тұрғанын айтындар.

1. Мейірман қалаға барды. 2. Оның көзі жаңа курылышқа түсті. 3. Саяжайлар гулге толы екен. 4. Бір топ адамдар циркке бара жатыр. 5. Ол Аскарға, Мұстафаға, Ақылбекке, Нұржанға жолықты.

129-жаттығу. Көшіріп жазып, барыс септігінде тұрған сөздерді тауып, қосымшаларын анықтаңдар.

1. Кітапханаға мүше бол. 2. Алдағы мерекеге ұқыпты дайындалындар. 3. Қабырға газетіне мақала жазып, сыныптың хал-жағдайымен көпшілікті таныстырындар. 4. Досыңа адал бол. 5. Бебегіңе ауыр сөз айтпа.



130-жаттығу. Сөздерді барыс септігі бойынша септеп жазындар.

Жаз, күз, қыс, көктем, қаңтар, ақпан, сәуір, мамыр, маусым, шілде, қыркүйек, казан, қараша, желтоқсан.

Жазың, күзің, қысың, көктемің.

 **131-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына барыс септігінің жалғауларын қойып, сөйлемдерді көшіріндер.

1. Мал... бар. 2. Ел... көш. 3. Айтыс... шық.
4. Іс... кір. 5. Бөлмен... қара. 6. Жолдасың....
жәрдем бер.

2. Жалғанған барыс септік жалғауларының астын
сызындар.

132-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлөп оқындар.

Иіс



Көк майсаға құлайық,
Сауық-сайран құрайық.
Көбелекті қуалап,
Құмардан бір шығайық.

Көктем тойын тойлайық,
Құн батқанша ойнайық.
Көк шалғынға көміліп,
Көк тоғайға бойлайық.



(Темір Убайдулла)

2. Жаттығуды көшіріп жазып, барыс септігіндегі сөздердің астын сызындар.

3. *Майсаға, шалғынға, тоғайға*, сөздеріне дыбыстық, буындық талдау жасандар.

**Барыс септігіндегі сөздер сөйлемнің
толықтауыш мүшесі болады.**



133-жаттығу. Барыс септігіндегі сөздерді теріп жазындар.

1. Жолдасқа қиянат еткен онбас.
2. Жақсы жаныңа жолдас, жаман малыңа жолдас.
3. Тарғыл итім талға оралды.
4. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.
5. Бір адам таққа мінсе, қырық адам атқа мінеді.

(«Қазақ мақал-мәтеддері» кітабынан)



ТАБЫС СЕПТІК

134-жаттығу. Көшіріп жазып, табыс септігіндегі сөздерді тауып, қосымшаларын анықтаңдар.

1. Қадірінді білмеске қадамыңды көтерме.
2. Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар.
3. Ақылды мақтанса, істі тындыра, ақымақ мақтанса, аяғын сындыра.
4. Ұрыс ырысты қашыра, ынтымақ халықты асыра.

(«Қазақ мақал-мәтеддері» кітабынан)

135-жаттығу. Тәмендегі кестені сзызып, сұрақтарды, жалғауларды, мысалдарды көшіріп жазындар.

№	Септіктің аты	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдар
	табыс	кімді?, нені?, кімдерді?, нелерді?	-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, н	баланы, ініні, анды, белді, хатты, шитті, күргегін

Табыс септігінің сұрақтары:

1. Жекеше: **кімді?, нені?**
2. Көпше: **кімдерді?, нелерді?**

Табыс септігінің жалғаулары: -ны, -ні, -ды, ді, -ты, -ті, -н.

Табыс септігінің жалғаулары жуан буыннан соң жуан түрде (-ны, -ды, -ты), жінішке буыннан соң жінішке түрде (-ні, -ді, -ті) жалғанады.

Тәуелдеулі зат есім сөздерінен соң -н жалғауы жалғанады.



136-жаттығу. Көп нұктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Ақтөс құйрық... босатты.
2. Көкем көк сиыр... қыл арқанның ұшымен байлап кетті.
3. Ақтөс көзі... бір ашып қалып еді, содан қайтып ашқан жоқ.
4. Қолына рогаткамен атқаннан бері тісі... қайрап жүр.
5. Қолындағы аптечкасы... жерге қойды.



Табыс септігіндегі сөздер сөйлемнің толықтауыш мүшесі болады.

Толықтауыштың белгісі – «-----». Мысалы:

1. Киікті балалар ауылға бастап барды.
2. Байқаусызда жыланды басып алма.

137-жаттығу. Табыс септігіндегі сөздерді теріп жазындар.

1. Халық бидайды ардақтап, қастерлейді.
2. Сөзді ұққанға айт.
3. Шегені балғамен қағады.
4. Ағалар балаларға әкелген сыйлықтарын тапсырды.
5. Ұнды машинаға салып әкетті.

138-жаттығу. Асты сызылған сөздердің қай септікте тұрғанын айтындар.

1. Қайтып кірер есікті қатты жаппа.
2. Жолдасты жол айырады.
3. Саналы адам сағынды сындырмас, санасыз адам жағынды тындырмас.
4. Ерді қорласаң, састырады, асты қорласаң, құстырады.
5. Ердің атын еңбек шығарар.



139-жаттығу. 1. Керекті сөздерді көп нүктенің орнына қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. ... таңамыз.
2. ... киеміз.
3. ... байлаймыз.
4. ... тураймыз.
5. ... үріптейміз.
6. ... ішеміз.

Керекті сөздер: етті, орамалды, қамырды, бәтеңкені, сорпаны, белбеуді.

2. Сөйлемнің толықтауыш мүшесі болып тұрған сөздердің астын толықтауыштың (-----) белгісімен сыйндар.



ЖАТЫС СЕПТІК

Жатыс септігінің сұрақтары:

1. Жекеше: кімде?, неде?
2. Көпше: кімдерде?, нелерде?

Жатыс септігінің жалғаулары: -да, -де, -та, -те, -нда, -нде.

140-жаттығу. Сөйлемдердегі асты сызылған сөздерге сұрақ қойып, қай септікте тұрғанын айтындар.

1. Талғат Мұсабаев пен Сәліжан ғарышта болып қайтты.
2. Біздің ғарышкерлерде нағыз ерлік бар.
3. Ғарышкерлер Байқоңырда болды.
4. Ғарыштық кемеде болған қандай жақсы.
5. Талғатта ғарышқа тағы да үшу ойы бар.

141-жаттығу. Көшіріп жазып, жатыс септігінде тұрған сөздерді тауып, қосымшаларын анықтаңдар.

1. Үшқұдықта, Тамдыда, Кенимехте ағайындарымыз жасайды. 2. Боқантауда қызу өмір қайнап жатыр. 3. Балқы Базар, Өмірзак Қожамұратов, Совет Жаманқараев, Ләтіп Мірәшімұлы, Айтуар Сабыров ақындар осы елде туылған. 4. Жаманқара күйшіде ерекше дарын болған.



142-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Атам... ұлылық бар. 2. Анам... жылдылық бар. 3. Ағам... ыстық мейір бар. 4. Інім... жақсы пейіл бар. 5. Әпкем... ырыс бар. 6. Қарындасым... әлі атқаратын көп жұмыс бар.

2. Жалғанған жатыс септік жалғауларының астын сзызындар.



143-жаттығу. Жатыс септігіндегі сөздерді теріп жазындар.

1. Жемісте әртүрлі витаминдер мол. 2. Сен білесің бе, өрікте не болады? 3. Оның көзі өріктегі тәушеде. 4. Өрік, алма – бәрі аулада бар. 5. Аспанда жұлдыздар сирей бастады. Бір ұрыста Мәлік Габдуллин бастаған автоматшылар тобы жеңіп шықты.

144-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жазындар.

Аман болса әр мекен,
Өсер қырда лала гүл...

Артық нәрсе бар ма екен
Бақытынан баланың?

(Темір Убайдулла)

2. Септік жалғауы бар сөздерге сұрақ қойындар.

3. Жатыс септігіндегі сөздің астын сызындар.



145-жаттығу. Асты сызылған сөздердің қай септікте тұрғанын айтындар.

1. Ерте заманда Шықбермес Шығайбай дейтін сараң бай болыпты. 2. Оның мал-мұлкінде есеп болмапты. 3. Ақырында елден іргесін аулақ салған, ен далада жалғыз үй отырған Шығайбайдың үйіне келеді. 4. Ай, өзің иегінде бір тал қылшығың жоқ, сақал-мұрттан тұлдырысыз көсеудей көсе екенсің!

(«Алдар Көсе мен Шықбермес Шығайбай» ертегісінен)

146-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерге жатыс септігінің жалғауларын қосып, көшіріп жазындар.

1. Дала, дәрігер, дән, дәнек.

2. Сәт, уақыт, күн, ай, жыл, ғасыр.

2. Дәрігер, күн, ай сөздеріне сөйлем құрастырындар.

147-жаттығу. 1. Керекті сөздерді көп нұктенің орнына қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

Соғыс басталғанда мен жеті ... едім. Ер-азамат түгел ел қорғауға аттанды. саудырап

кемпір-шал мен бала-шаға қалды. Ең болмаса, майданнан келген хаттарды оқи алатын да адам жоқ. Ересек балалар жаз бойы егінде, ... шөпте жүреді.

Керекті сөздер: малда, ауылда, жаста.

2. Жатыс септігіндегі сөздердің астын сыйындар.



148-жаттығу. 1. Жатыс септігіндегі сөздерді теріп жазындар.

1. Қадірде үлкен ойыншық бар. 2. Үйде балалардың қарт әжесі ғана бар. 3. Әкесі мен шешесі жұмыста еді. 4. Шырағым, біздің тұқымда біреудің ала жібін аттаған адам жоқ. 5. Бар айып сенде екен.

(Нәсіреддин Серәлиев)

2. Жатыс септігіндегі сөздердің астын сыйындар.



ШЫҒЫС СЕПТІК

Шығыс септігінің сұрақтары:

1. Жекеше: **кімнен?, неден?**

2. Көпше: **кімдерден?, нелерден?**

Шығыс септігінің жалғаулары: **-дан,** **-ден,** **-нан,** **-нен,** **-тан,** **-тен.**

Шығыс септігінің жалғаулары жуан буыннан соң жуан түрде (**-дан, -нан, -тан**), жіңішке буыннан соң жіңішке түрде (**-ден, -нен, -тен**) жалғанады.

Шығыс септігіндегі сөздер толықтауыш та болады.

149-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, асты сылған сөздерге сұрақ қойып, қай септікте түрғанын айтындар.

1. Екі-үш салт атты таудан қарағай сүйретіп келеді. 2. Екі түбірден біріккен қандай өсімдік, аң, құс атауларын білесіндер? 3. Екі сөзден біріккен қандай ән, күйлерді білесіндер? 4. Оның бойы менің иығымнан келеді. 5. Аспаннан жаңбыр тамшылары себелей бастады.

150-жаттығу. Көшіріп жазып, шығыс септігіндегі сөздерді тауып, қосымшаларын анықтаңдар.

Мақалдар

1. Құлақтан кірген сұық сөз
Көңліне барып, мұз болар.
2. Еттен өткен таяқтан
Сүйектен өткен сөз жаман.

(«Қазақ мақалдары» кітабынан)

 **151-жаттығу.** Төмендегі кестені сызып, септіктің атын, сұрақтарын, жалғауларын және мысалдарды көшіріп жазындар.

№	Септіктің аты	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдар
	шығыс	кімнен?, неден?, кімдерден?, нелерден?	-дан, -ден, -нан, -нен, -тан, -тен	ұядан, жидеден, арланнан, жұннен, оттан, кілттен

 **152-жаттығу.** Сөздерді шығыс септігі бойынша септеп жазындар.

Нәресте, бәбек, сәби, балдырған, бұлдіршін.

153-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Қонақ... қонақ ұлық. 2. Бұлт... шыққан күн ашы. 3. Бұрын шыққан құлақ... кейін шыққан мүйіз озады. 4. Көз... кетсе де, көніл... кетпесін. 5. Тізем... сүріндірсөң сүріндір, тілім... сүріндірме. 6. Бетеге... биік, жусан.... аласа. 7. Жақсы... үйрен, жаман... жирен.

(«Қазақтың мың бір мақал-мәтепі» кітабынан).

 **154-жаттығу.** Ішінде жатыс, шығыс септіктері бар жеті сөйлем құрандар.

 **155-жаттығу.** Шығыс септігіндегі сөздерді төріп жазындар.

Жұмбақтар

Күннен көзін алмайды,
Мойны бірақ талмайды.



(Күнбағыс)

Қанатсыз құс маңып барады,
Көзінен жас тамып барады.

(Бұлт) (Қадыр Мырзалиев)

156-жаттығу. $\frac{C}{3}$, $\frac{3}{C}$ әріптерінің тиістісін қалдырып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Қыс $\frac{C}{3}$ тан жақсы мезгіл жоқ. 2. Мына қы $\frac{C}{3}$ дан үлгі ал. 3. Анам ту $\frac{C}{3}$ ден келді.



157-жаттығу. Түбір сөзге шығыс септік жалғауларын қосып жазындар.

1. Қыз ана-дан үйренбей өнеге алмас.
2. Ұл ата-дан үйренбей сапарға шықпас.

(Корқыт ата)

3. Сен өз бақытынды оқу-дан, еңбек-тен, ғылым-нан, халыққа қызмет ету-ден табасың.

(К.Д. Зелинский).



КӨМЕКТЕС СЕПТІК

Көмектес септігінің сұрақтары:

1. Жекеше: кіммен?, немен?.

2. Көпше: кімдермен?, нелермен?.

Көмектес септігінің жалғаулары: **-мен,** **-бен,** **-пен,** **-менен,** **-бенен,** **-пенен.**

Көмектес септігінің жалғаулары жуан буыннан соң да, жіңішке буыннан соң да (-мен, -бен, -пен) жалғана береді.

158-жаттығу. Сөйлемдердегі асты сызылған сөздерге сұрақ қойып, қай септікте тұрғанын айтындар.

1. Жолмен жүрсөң, жортып жүр. 2. Жақсымен жүрсөң, жетерсің мұратқа, жаманмен жүрсөң, қаларсың ұятқа. 3. Қошақанмен бәрі ойнайды. 4. Ер еңбегімен сыйлы. 5. Асықпаған арбамен қоянға жетер. 6. Сумен ойнама, батарсың, отпен ойнама, жанарсың.

159-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Жаңбыр... жер көгерер, алғыс... ер көгерер. 2. Әркім өз кездігі... өлшейді. 3. Тілің... жүгірме, білім... жүгір. 4. Ұры... жақын болсаң, ұятқа қаларсың, бөрі... жақын болсаң, қораға шабарсың. 5. Кісі болар баланың кісі... ісі бар. 6. Ер елі... жақсы, жер кені... жақсы.

(«Қазақ мақалдары» кітабынан)

2. Жалғанған көмектес септігі жалғауларының астын сызындар.



160-жаттығу. Ішінде көмектес септігі бар 6 сөйлем құрандар.



161-жаттығу. Көмектес септігіндегі сөздерді теріп жазындар.

1. Қар суымен іле көтерілген қызғалдақ қысқы ызғардан енді ғана арқасы босап, бусана бастаған сүрғылт далаға шырай кіргізді (Б.Азнабаев). Сен тауықпен дос емес пе едің?

2. Қең далада Асқар көкем трактормен жерді сүдігерлеп жатыр.

3. Біздер Айгүлмен, Айдынмен, Әйгеріммен көршіміз (Ағира Хайдарова).

162-жаттығу. 1. Мәтінді оқып, көшіріп жазындар.

Күшік пен мысық

—Кел, екеуміз дос болайық, — деді күшік мысыққа.

—Сен тауықпен дос емес пе едің?

—Онымен араздасқым келіп жүр.

—Егер сен тауықпен аяқ астынан араздасар болсаң, менімен де дос болып жарытпассың,— деді мысық.

(Халық ауыз әдебиетінен)

2. Септік жалғауы бар сөздерге сұрақ қойындар.
3. Көмектес септігіндегі сөздің астын сыйындар.



163-жаттығу. Барыс, табыс, жатыс септігінің жалғаулары бар 6 сөйлем құрандар.



164-жаттығу. 1. Сурет бойынша «Кел, балалар, оқылыш!» атты әңгіме құрастырындар.



Әңгіменің жоспары:

1. Кітапханада.
2. Оқуға деген сүйіспеншілік.
3. Кітапханаши апай.

165-жаттығу. Мақалдарды жатқа жазындар.

Адамнан үлкен ат жоқ.

Наннан үлкен ас жоқ.

Белгі жолдан тайдырмас,

Білім сөзден жаңылдырмас.



166-жаттығу. Сөз таптары бойынша өткендерді қайталау.

 **167-жаттығу.** Түбір соңындағы қ, қ, п дыбыстарының қай дыбысқа айналғанын байқандар.

Жуан буын	Жіңішке буын
қайрақ – қайрағым-да	елек – елегім-де
байрақ – байрағым-ның	бесік – бесігім-нің
бұлақ – бұлағым-ды	шелек – шелегім-ді
кітап – кітабым-нан	шеп – шебім-нен

168-жаттығу. Берілген сөздерді жекеше, көпше түрде жіктеп жазындар.

Кітапханашы, сатушы, дәрігер, оқушы.



169-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөздерді көшіріндер.

- Саба... басталды.
- Алманың саба...ы үзілмесін.
- Шынаша...тай бала.
- Шынаша ...ым шетте тұр.
- Бес сауса... .
- Аулынды бес сауса...ындей біл.



ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЛЫ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ СЕПТЕЛУІ

170-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріндер. Тәуелдеулі сөздердің астын сыйындар.

- Құдықтың басы тап-таза, мұнтаздай болсын, балам.
 - Абылайдың ауылы гүлге толып кетті.
 - Сіздің досыңыз – біздің досымыз.
 - Олардың ауласы кең екен.
 - Біздің жасымыз 12-де.
 - Кемпірдің кебежесі ашылды.
 - Таяқтың ұшы екеу.
 - Атаңың батасы бәрінен күшті.
- Тәуелдеулі сөздің алдындағы сөздер қай септікте тұр?

171-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті септік және тәуелдік жалғауларын жалғап, сөздерді көшіріңдер.

Мен... дәптер..., сен... дәптер..., сіз... дәптер..., о... дәптер..., біз... дәптер..., сендер... дәптер..., сіздер... дәптерлер..., олар... дәптерлер... .

Зат есімдер тәуелдік жалғауларының жалғануы арқылы тәуелденеді: қалам-ым, көше-м, гүл-ім, сөз-іңіз.

Тәуелденген зат есімдер заттың, нәр-сенің кімге, неге тиісті, тәуелді еkenін білдіреді: *менің гүл-ім, сенің гүл-ің, сіздің гүл-іңіз, оның гүл-і.*

Заттың кімге немесе неге тиісті, тәуелді еkenін білдіретін жалғауларды *тәуелдік жалғауы* дейміз.

Тәуелдеулі зат есімдерге септік жалғауларының жалғанып септелуін *тәуелдеулі зат есімдердің септелуі* дейміз.



172-жаттығу. Тәуелдеулі сөздердің тұсына оның түбірін жазындар.

Сабында, қабынан, қалағымды, балағынды, күргіңнің.

Үлгі: Сабында – сап,

173-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті тәуелдік жалғауларын қойып жазындар.

1. Мына апай – менің ана... .
2. Ана-м-ның қол...нда домбыра.
3. Домбыра-ның пернелер...
4. А纳мыз Құрманғазы күйлер...н тартқанды ұнатады.
5. Мен ана...ның қас...нда

туған жер табиғат...н қылқаламмен бейнелегенді жақсы көремін.



174-жаттығу. $\frac{К}{F}$, $\frac{Г}{K}$, $\frac{Б}{П}$, $\frac{Ғ}{Г}$ әріптерінің тиістісін қалдырып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Қазы $\frac{К}{F}$ ыңды ала кел.
2. Бесі $\frac{Г}{K}$ інді түзе.
3. Шө $\frac{Б}{П}$ інді сала тұр.
4. Шұлы $\frac{Ғ}{Г}$ ыңды жыртып алма.

 **175-жаттығу.** 1. Тәуелдеулі зат есімдердің септелеу үлгісін оқыңдар.

Тәуелдеулі зат есімдердің септелеу үлгісі

№	Жай септеу		Тәуелдеулі септеу		
1.	A.	қармақ ине	қармағ-ым ине-м	қармағ-ың ине-ң	қармағ-ы ине-сі
2.	I.	қармақтың иненің	қармағ-ым- ның ине-м-нің	қармағ- ың-ның ине-ң-нің	қармағ-ы- ның ине-сі-нің

3.	Б.	қармаққа инеге	қармағ-ым-а ине-м-е	қармағ- ың-а ине-ң-е	қармағ-ы-на ине-сі-не
4.	Т.	қармақты инені	қармағ-ым- ды ине-м-ді	қармағ- ың-ды ине-ң-ді	қармағ-ы-н ине-сі-н
5.	Ж.	қармақта инеде	қармағ-ым- да ине-м-де	қармағ- ың-да ине-ң-де	қармағ-ы- нда ине-сі-нде
6.	Ш.	қармақтан инеден	қармағ-ым- нан ине-м-нен	қармағ- ың-нан ине-ң-нен	қармағ-ы- нан ине-сі-нен
7.	К.	қармақпен инемен	қармағ-ым- мен ине-м-мен	қармағ- ың-мен ине-ң-мен	қармағ-ы- мен ине-сі-мен

⌚ **176-жаттығу.** I, II, III жақта тәуелденген төмендегі сөздерді көшіріп жазындар.

Жекеше:

I жақ.

Менің көсег-ім.

II жақ.

Сенің көсег-ің.

Сіздің көсег-іңіз.

III жақ.

Оның көсег-і.

Көпше:

Біздің көсег-іміз.

Сендердің көсек-тер-ің.

Сіздердің көсек-тер-іңіз.

Олардың көсек-тер-і.

177-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерді көшіріп, қай септікте түрғанын түсіндіріңдер.

- Домбырасы, шертері,
домбырасын, шертерін.

2. Домбырасына, шертеріне,
домбырасымен, шертерімен.
2. Тәуелді сөздердің жалғауының астын сызындар.



178-жаттығу. 1. Мына сөздерді септендер.

Алма, алмам.

2. Тәуелдеулі сөздің астын сызындар.



II жақтағы тәуелдеулі зат есімдерге барыс септікте -а, -е септік жалғаулары жалғанады.

Мысалы: нағашым-а, нағашың-а, жиенім-е, жиенің-е.

179-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, мәтінді көшіріп жазындар.

- Мен сенің бөлмөң... гүл қойып кеттім.
- Оны вазам... салып қойдым. Рақмет.
- Кітабым... келдің бе?
- Иә, кітабың... келдім.
- Онда ала ғой, сөмкен... сал.
- Жарайды.

Тиісті жалғаулар: -а, -е.

180-жаттығу. 1. Сөз құрамына талданңдар.

Отан-ым-а, отан-ың-а, ел-ім-е, ел-ің-е, республика-м-а, республика-ң-а.

2. Негізгі түбір мен қосымшаларды қосып жазындар.



181-жаттығу. Мына сөздерді септендер.

Жағасы, ернеуі.



III жақтағы тәуелдеулі зат есімдерге барыс септігінде -на, -не, табыс септігінде -н, жатыс септігінде -нда, -нде жалғаулары жалғанады.

182-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріндер.

1. Атам ...на қарады.
2. Орамалды Бақыттың ...не бер.
3. Мысықтың ...н не деп атайды?
4. Саяжайлар Ташкент ...нда көп.
5. Ілестің ...нде ізет бар.

Керекті сөздер: баласы, жиені, інісі, қаласы, малы.

183-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, жұмбақты көшіріп жазындар.

Жайласа да
Қалың орман арасы...
Тастамайды тәбесі...
Бұтақ-бұтақ ағашы...



184-жаттығу. 1. Тәуелдеулі сөз бен қосымшаның арасына дефис қойып көшіріп жазындар.

Құсына, құсын, құсында, еменіне, еменін, еменінде, қалтасына, қалтасын, қалтасында.

2. Тәуелдеулі зат есімнің астын бір, барыс, табыс, жатыс септік жалғауларының астын екі рет сыйзындар.



ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ

Зат есімнің бәрі бірдей жіктеле бермейді.

Жіктік жалғауы – жалғаудың бір түрі.

Басқа жалғаулар сияқты жіктік жалғаулары да сөйлемдердегі сөздерді байланыстырады, бастауыш пен баяндауышты қыистыру үшін қолданылады.

185-жаттығу. Сөйлемдердегі жіктік жалғаулы зат есімдерді теріп жазындар.

1. Біз – Таукент дейтін елдің азаматтарымыз.
2. Мен суретші боламын. 3. Олар – қыбырайлық диқандар.
4. Сендер – еліміздің болашағысындар.
5. Сіздер – инженерсіздер.

186-жаттығу. 1. Төмендегі күрделі сөздердің сынарына тиісті жіктік жалғауларын жалғандар.

Мен оқушы..., сен дәрігер..., сіз диқан..., біз дос..., сендер биші...дер, сіздер егінші...дер.

Керекті жалғаулар: **-сыз, -сің, -мын, -сің, сіз, -пыз.**

Үлгі: Мен оқушымын.

2. Жіктік жалғауларының астын сыйындар.

187-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Үмітпенен жол қуған
Талабы алда бала...

(С. Торайғыров)

2. Қалықтаған аспанда
Ителгі мен сұнқар...

(«Бозінген» ертегісінен)

3. Хан емес..., қасқыр...,
Қас албасты басқыр....

(Махамбет)



Жіктік жалғаулары мыналар: -мын,
-мін, -мыз, -міз, -быз, -біз, -пыш, -піз,
-сың, сің, -сыз, -сіз.

Зат есімге жіктік жалғауының жалғанып түрленуін зат есімнің жіктелуі дейміз.
I, II жақтардың қосымшалары болса, III жақтың жалғауы болмайды.

188-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқындар.

1. Мен дәрігер-мін. 2. Сен бала-сың. 3. Сіз ана-сыз. 4. Біз емдеуші-міз. 5. Сендер оқушысың-дар. 6. Сіздер жақсы перзент-сіз-дер.



2. Жіктік жалғауларын түбір сөзге жалғап жазындар.

Жіктік жалғаулары жалғанған зат есім сөйлемде баяндауыш болады.

Жіктік жалғаулары зат есімнің жай түрінде, тәуелдеулі түрінде де жалғана береді.

189-жаттығу. Үлгіні көшіріп жазындар.

Жіктік жалғаулары

Жекеше

Жекеше		Көпше
I жақ.	-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін	-мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз
II жақ.	-сың, -сің, -сыз, -сіз	-сың(дар), -сің(дер), -сыз(дар), -сіз(дер).
III жақ.	Жалғауы жоқ.	Жалғауы жоқ

Көпше

Жуан буын		Жіңішке буын
I жақ.	Мен оқушы-мын.	Мен әскер-мін.
II жақ.	Сен оқушы-сың. Сіз оқушы-сыз.	Сен әскер-сің. Сіз әскер-сіз.
III жақ.	Ол – оқушы.	Ол – әскер.



190-жаттығу. 1. Асты сызылған сөздердегі жіктік жалғауын түбірден бөліп жазындар.

1. Біздер құстарға қамқоршымыз.
2. Сендер тәңізшісіндер.
3. Сіздер ауданымыздағы

ең жақсы кітапханашысыздар. 4. Біз техникпіз.
5. Мен әншімін.

2. Жіктелген зат есімдердің үстіне сұрақтарын жазындар.

 **191-жаттығу.** Көп нүктенің орнына жіктік жалғауларын қойып, сөйлемдерді қатесіз көшіріндер.

1. Сыныптас балалардың бәрімен дос....
2. Әрине, адамға ең керегі—жан жылуы. Сендер соны білетін азамат...дар.
3. Енесінің бөксесіне, бүйіріне соққылап келе жатқан құлышын... .

192-жаттығу. Мына сөздерді жіктеп жазындар.

Сатушы, дәрігер, биші, сазгер.

 **193-жаттығу.** 1. Құлышыншақ, бота, лақ сөздерін септеп жазындар.

2. Жіктік жалғаулары мен септік жалғауларын салыстырындар.

ТӘУЕЛДЕУЛІ СӨЗДЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ

194-жаттығу. 1. Көшіріп жазындар.

Жай зат	Тәуелдеулі сөз немесе тәуелдеулі зат есім
ата	ата-м, ата-ң, ата-сы
ана	ана-м, ана-ң, ана-сы
бала	бала-м, бала-ң, бала-сы

2. Жай зат есім мен тәуелдеулі зат есімнің айырмашылықтарын салыстырындар.

195-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті тәуелдік жалғауларын қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Бұл – менің қарлығаш... . 2. Кеше қарындас 100 килограмм мақта терді. 3. Іні – ағаға сүйеу. 4. Ін... егісті аралады. 5. Сәби бесікте жатыр. 6. Ана сәби... тербетті.

2. Жай зат есімдердің астын бір, тәуелдеулі зат есімдердің астын екі сызындар.



196-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазындар.

Лақ

Лағым, лағым, лағымсың,

Лақ ішінде ағымсың.

Кешке таяу қораға

Қозылар да ағылсын.

Лағым, лағым, лағымсың,

Тұяқтары лағылсың.

Сені құған қу қасқыр

Қақпанға кеп қағылсын.

(Мекембай Омарұлы)



2. Жіктелген тәуелді сөздердің астын сызындар.



СЫН ЕСІМ

Заттың, нәрсенің түрін, түсін, сапасын, көлемін білдіріп, қандай?, қай? сұрақтарына жауап беретін сөздерді **сын есім** дейміз.

Сын есімдер заттың, нәрсенің түрі мен түсін (қызыл, ала), сапасын (қалың қар), дәмін (тәтті), көлемін (үлкен) білдіреді.

197-жаттығу. Көп нүктенің орнына сын есім жасайтын тиісті жұрнақтарды қойып, көшіріп жазындар.

Тау... көл..., ат..., ит...; Ақыл..., ес...;
Ұйым..., көп...; Айт..., біл...;

Тиісті жұрнақтар: -дай, -дей, -тай, -тей; -сыз, -сіз; -шыл; -шіл; -қыш; -гіш.

198-жаттығу. Төмендегі сөздердің қасына заттың атын білдіретін сөздер тауып жазындар. Сонан соң, сын есімдерге сұрақ қойындар.

Жасыл, қызық, таза, қалың, әдепті, суық, жүйрік, жақсы, ұзын, үлгілі.

Үлгі: Жасыл (көйлек).

 **199-жаттығу.** Бірінші қатардағы зат есімдердің жағына екінші қатардағы сын есімдердің тиістісін тіркеп, сөз тіркесі жасандар.

1.	Ұй іші, шөп, көз, қағаз, сақал
2.	Қоңыр, жұқа, жап-жарық, ақ, жап-жасыл

Үлгі: Ұй іші жап-жарық.



ҚАРСЫ МӘНДЕС СЫН ЕСІМДЕР

Мағыналары қарама-қарсы сын есімдердің қарсы мәндес сын есімдер дейміз: ақ – қара, биік – төмен.

200-жаттығу: Көп нүктенің орнына тиісті сөздің қоюп, көшіріп жазындар.

1. Ұй қараңғы болғанмен, көңіл ...

2. Қысқа киім мен ... киімдерді бөлек-бөлек қой.

3. Арық сөйлеп, ... шық.

4. Тоқ бала ... баланы ойлаушы ма еді?

Тиісті сөздер: жазғы, жарық, аш, семіз

201-жаттығу. 1. Мақалдарды көшіріп жазып, сын есімдерді табындар.

1. Көрі түйе ойнақтаса, жұт болар. 2. Ақсақ түйенің аузына жел айдаған қаңбақ түсер. 3. Жаман түйе жабуын жер, жаман жігіт аулын жер. 4. Жалғыз түйе бақырауық, жалғыз бала жылауық.

(«Қазақтың мақал-мәтептері» кітабынан)

2. Сын есімдердің қарсы мәндесін табындар.



202-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазындар.

Тіл

Ашы, бірде тәттісің,
Жұмсақ, бірде қаттысың.
Жарылқайсың досынды;
Жасытасың жат күшін.

(Қабыл Боранбаев)

2. Қарсы мәндес сын есімдер болған сөздердің астын сызындар.

⌚ ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ СЫН ЕСІМДЕР

Сын есімдер дара, күрделі болып екіге бөлінеді.

Бір сөзден құралған сын есімді дара сын есім дейміз: ақ, сары, қоңыр, биік, кең, тар.

Екі-үш сөзден құралған сын есімдерді күрделі сын есімдер дейміз: ақ сұр, қара торы, қара қасқа.

Күрделі сын есімдердің құрамындағы сөздер бөлек жазылады.

203-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріңдер. Сын есімдерді тауып, дара, күрделі екенін анықтаңдар.

1. Құрғақ жер жазықты, ойпатты, қыратты, таулы болады.
2. Қиқар мінез кімге жағады?
3. Жылпос жанға жақын журме.
4. Өдемі сөз әрқашан да әдемі.
5. Тершең ат.

КҮРДЕЛІ СЫН ЕСІМДЕР

Қос сөз ретіндегі сын есімдер күрделі сын есімдер болады.

204-жаттығу. Берілген сын есімдердің дарасын бір бөлек, күрделісін бір бөлек топтап жазыңдар.

Биік, сары, сары ала, ақылды, қызыл қоңыр, ауыр, қара көк, жұмсақ, жарық, үлкен, қызыл сары.

 **205-жаттығу.** Өлеңді көшіріп, күрделі сын есім болған сөздің астын сыйындар.

Шырша



Жап-жасылсың неліктен
Қыс, көктем, жаз күзде де?
Таңырқаймын көріп мен,
Сырынды айтшы бізге де!..

(Байбота Серікбайұлы)

⌚ ★ **206-жаттығу.** Суретке қарап шағын әңгіме жазындар. Мына күрделі сөздерді әңгімелеріңе қатыстырындар: биік-биік, кіп-кішкене, шегіншек, тебіншек, сөйлегіш, ақ-қара.



207-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті дара, күрделі сын есімдерді қойып жазындар.

Жалғыз тілім шәк-шәкті
Жеп отырған ...

(Б. Ысқақов).

– Қырды асып, белді басып,
Жолды салған қандай ер?
– Ол ..., ол ...,
Қайтпас, ... жұмыскер.

Тиісті сөздер: қайратты, тәп-тәтті, қайсар.



208-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазындар.

Отан

Отан дейміз ... астананы,
... жайлау, ... жол, ... қаланы.
Отан дейміз өсірген елімізді,
... тау, ... көлімізді.


Керекті сөздер: кең-байтақ, жасыл, жаңа, жас, биік, мөлдір.



САН ЕСІМ

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретін сөздерді сан есім дейміз: бір, он, жұз, мың, бірінші, оныншы.

Сан есімнің сұрақтары: қанша?, неше?, нешиңші?, нешеу?. Сан есім зат есіммен тіркеседі: он оқушы, үшінші үй.



209-жаттығу. Мәтіндегі сан есімдерді тауып, көшіріп жазындар.

Көк киттердің кейбіреулерінің ұзындығы отыз метр болса, салмағы жұз елу тартады. Кит аулаушылар мұндай киттің біреуінен ал-пыс тонна ет, отыз тонна май алады. Киттің тілі төрт тоннаға жуық, бауыры бір тонна болады.

(«Биология» кітабынан)

210-жаттығу. Өлеңді көшіріп, сан есімдердің астын сызыңдар.

Қанша сәбіз еді?

Біздің үйде көжек көп,
Іштерінде өжет көп.
Әсіресе бес көжек,
Маған нағыз дос көжек.
Қолымнан кеп жем жейді,
Басқалары келмейді.
Сәбіз бердім қос-қостан.
Бір сәбізім соңында,
Қалып қойды қолымда.
Сәбізімді әуелгі
Санап берші ал енді.

(«Балдырыған» журналынан)



 **211-жаттығу.** Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Сан есім дегеніміз не?
2. Сан есім болатын сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?
3. Есептік сан есімдерді атандар.
4. Реттік сан есім қай сан есімнің негізінде жасалады?
5. Реттік сан есімді есептік сан есімге айналдыруға бола ма?

 **212-жаттығу.** Мына сан есімдерді есептік сан есімге айналдырып жазыңдар.

Жиырмасыншы, отызыншы, қырқыншы, екі жүз елу екінші, елу алтыншы, сексен сегізінші, тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы, мыңыншы.

213-жаттығу. 1. Бірінші қатардағы сан есімдердің жаңына екінші қатардағы зат есімдердің тиістесін тіркеп, сөз тіркесін жазындар.

1.	Үш, тоғыз, бір, үшінші, минут.
2.	Тоңқылдақ, нәмір, алпыс, жұрт, Шіңкілдек
	Үлгі: Үш жұрт,

2. Зат есімдер қай септікте тұрғанын айтындар.

*  **214-жаттығу.** 1. Суретте бейнеленген оқиғаны терең түсініп алып, жоспар бойынша әңгіме құрастырындар.



Жоспар:

1. Жағалауда.
 2. Көңілсіз оқиға.
 3. Жедел жәрдем.
 4. ...
 5. ...
2. Сан есім сөздерінің астын сызындар.



ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ САН ЕСІМДЕР

Сан есімдер дара, күрделі болып, екіге бөлінеді.

Бір сөзден құралған сан есімді дара сан есім дейміз: бір, бес, жүз, мың, миллион.

Екі-үш сөзден құралған сан есімдерді күрделі сан есімдер дейміз: он бес, елу алты.

Күрделі сан есімдердің қатарындағы сөздер бөлек жазылады: тоқсан тоғыз.

215-жаттығу. Жұмбақтарды көшіріп, сан есімдердің астын сзызындар.

1. Арқасы екеу,
Аяғы алтау

(Адам мен үстел)



2. Екі өзуі құлағына жетеді,
Тамақ жесе, ызың-ызың етеді.



(Шыбын)

(Жинаған Қыдырылі Саттаров)

216-жаттығу. 1. Санамақты түсініп, мәнерлеп оқындар.

Екі қанат қазда бар,
Сайрандайды сазда олар.
Екі қанат құрда бар,
Құр ауласаң, қырға бар.

Қаздың да екеу аяғы,
Құрдың да екеу аяғы.
Екеуінің аяғы
Төрт болады баяғы.

(Төлөгөн Айбергенов)

2. Дара сан есімдерді теріп жазындар.
3. Қай сан есім жасырынған?



217-жаттығу. Дара және құрделі сан есімдерді қатыстырып бес сөйлем құрандар.



Қос сөз ретіндегі сан есімдер құрделі сан есімдер болады.

218-жаттығу. 1. Төмендегі сөйлемдерді қатесіз көшіріп жазындар.

1. Жанындағыларға дейін бір-бір ат, шапан кидіріп қайырған. (Сұлтанмахмұт Торайғыров)
2. Шаяхмет – бірден-бір жағымды жігіт. (Ілияс Жансүгіров)
3. Көпір астындағы жүз жиырма жігітті қырық-қырықтан үшке бөлдім. (Бауыржан Момышұлы)
4. Екі-екіден бөлініп, Бостандық жаққа қарай кетті. (Боран Қыдыров)

2. Құрделі сан есімдердің астын сыйзындар.

219-жаттығу. 1. Латыш және литван халықтарының жүмбақтарын оқып шығындар. Төмендегі тиісті есептік сан есімдерді көп нүктенің орнына қойып жазындар.

Билеп-билеп жығылдым.
... бұрышқа тығылдым.



* * *

...жыртқыш жарысады,
Жақтары қарысады.



* * *

... аяқсыз жүйрігім,
Бұлғар саған құйрығын.



(Аударған Қадыр Мырзалиев)

Тиісті сөздер: төрт, бір, екі.



220-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, күрделі сан есімдері бар сөйлемдерді көшіріп жазыңдар

1. Алтыдан жисаң, артады,
Жетіден жисаң, жетеді.
2. Айдың он бесі жарық болса,
Айдың он бесі қараңғы.
3. Жеті өлшеп, бір рет кес.
4. Бір адам көпір салады, мың адам өтеді.
5. Қойды қорадан бір-бірден шығар.

⏰ **221-жаттығу.** 1. Суретке қарап, сұрақтарға жауап беріңдер.



1. Көгалда неше бала бар?
 2. Жайылып жүрген жылқылардың саны нешеу?
 3. Қанша ақ гүл жайқалып тұр?
 4. Бала неше балмұздак жайлыш ойлап жатыр?
2. Жауаптарынды дәптерлеріне жазындар.

222-жаттығу. Күрделі сан есімдерді сөзбен жазындар.

3–4. 5–6-дан. 22-қаңтар. 7-үй.
5-тарау, 6-бөлім. 10–10-нан.



223-жаттығу. 1. Сан есімдердің астын сыйзындар.

Қырық құлыш,
Құлыш қырық.
Құлыш та қырық,
Құрық та қырық.

2. Сан есім қай септікте тұрғанын айтындар.
3. Қырық құлыш сөздері қай дауыссыздан (ұяң, ұнді, қатаң) басталғанын да айтындар.



ЕТІСТІК

Заттың, нәрсенің, қимылды мен іс-әрекетін білдіріп, не істеді?, не қылды?, не істеуде?, не істеметті? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді етістік дейміз.

224-жаттығу. Көп нүктенің орнына етістік жасайтын тиісті жүрнақтарды қойып, көшіріп жазындар.

- Сабақты баға... .
- Мына нәрсені шеге... .
- Арықтан ат... .
- Жақсылықты көп іс... .
- Өзің ой... .
- Өзің пікір... .
- Дұрыс тамақ... .
- Жақсы еңбек... .
- Ойланып ойн... .
- Жақсыға жақсыны тең... .
- Адалға жол... .
- Кішіпейілге кез... .

Тиісті журнақтар: -ла, -ле, -та, -те, -ла, -ле, -тан, -тен, -а, -е, -ық, -ік.

225-жаттығу. 1. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жазындар.

Ақша қар жапқан қысқы дала айнадай жарқырайды. Күн сәулесі жылт-жылт етіп, көзді қарықтырады.

Қар сабындан көпіріп, тасыған сүттей тез ұлғайды. Әне-міне, дегенше жаяу борасын жүріп берді. Желдің екпіні артып, ызғары күшейді. Қардың бетке, қолға соққан түйірі тікендей қадалады.

(Захардин Қыстаубаев)

2. Етістіктердің астын екі салындар.

Түбір тұлғадағы етістіктерге -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе журнақтарының жалғануы арқылы болымсыздық етістіктер жасалады.



226-жаттығу. 1. Бағанның екі жағындағы сөздерді салыстырындар.

Оқы	оқы-ма
Кел	кел-ме

бар	бар-ма
жаз	жаз-ба

2. Болымсыздық етістіктерді теріп жазындар.

 **227-жаттығу.** 1. Қайтті? не істеді? дейтін сұрақтарға жауап беретін сөздердің үстіне сұрақтарын жазындар.

1. Қар жауды. 2. Біз сырғанадық. 3. Зәмира да Нұрланға көмектесті. 4. Нұрхан ән салды.
5. Теледидарды тамашаладық.
2. Етістіктердің астын екі сзындар.

228-жаттығу. Болымсыздық етістіктерін болымды етістікке айналдырып жазындар.

Алма, шалма, айтпа, көрме, жылама, төкпе, тастама, көрінбе.

 **229-жаттығу.** Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Болымды етістік қандай мағынада айтылады?
2. Болымды етістік қимыл мен әрекеттің, істің несін білдіреді?
3. Болымсыздық етістіктер қимыл мен әрекеттің, істің несін білдіреді?

 **230-жаттығу.** Болымсыз етістіктердің журнақтарын қосып, сөйлемдерді қатесіз көшіріндер.

1. Болмағанға болыс-па. 2. Ағайынмен ере-гіс-пе. 3. Сөз қуыс-па. 4. Ініні балағатта-ма.
5. Досыңа мақтан-ба.

231-жаттығу. 1. Әр бағандағы сөздерді оқып, сұрау белгісі қойылған жерге етістіктердің қайсысына жататынын жазындар.

?	?
айт	айт-па-ды
қайт	қайт-па-ды
көр	көр-ме-ді
бер	бер-ме-ді

2. Салыстырып оқындар



232-жаттығу. Болымды, болымсыз етістіктерді теріп жазындар.

1. Білмегенді біліп қой. 2. Суды жаман жерге қойма. 3. Өзінді елге әніңмен таныт. 4. Ағайынға жаман қабақ танытпа. 5. Құмырсқаға да жақсылық жаса. 6. Ешқашан, ешкімге жамандық жасама.

Үлгі:

1. Болымды етістіктер: қой, ...
2. Болымсыз етістіктер: қойма, ...



ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕР

Бір сөзден құралған етістіктерді дара етістіктер дейміз: бар, барды, барған, тер, терді, терген.

233-жаттығу. 1. Дара және күрделі етістіктердің астын сыйындар. Үстіне сұрақтарын жазындар.

1. Шөп ордық. 2. Гүлмира, Қадиша, Қамбар да шөп орып жатыр. 3. Ал, Бұрхан, Шоқан шөп орып келді.

4. Жазда кел. 5. Біздің ауылға келіп тұр.
6. Әнеки, ағаларым келе жатыр.

2. Сөйлем құрағанда етістіктің сөйлем соңында келетінін еске түсіріндер.

234-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді қатесіз көшіріндер.

1. Көкем етік 2. Інім киімін ... отыр.
3. Қар 4. Таудың басындағы мұз енді ғана еріп ... жатыр. 5. Қолымдағы балмұздак әлде-қашан ... болды.

Тиісті сөздер: тігіп, тікті, еріп, келе, еріді.

Екі, үш сөзден құралған етістіктерді күрделі етістіктер дейміз: бара жатыр, бара жатыр еді, бара жатқан еді.



235-жаттығу. Дара етістіктерді теріп жазындар.

1. Іздеген мұратына жетеді. 2. Екі кеме құйрығын ұстаған суға кетеді. 3. Талаптымен таласпа. 4. Күш атасын танымайды. 5. Ерді намыс өлтіреді. 6. Туған жерге туынды тік.



Етістіктер сөйлемде бастауыштың іс-әрекетін білдіріп, баяндауыш болады.

236-жаттығу. 1. Мына сөздерді күрделі етістіктерге айналдырындар.

Күлді, шегелеген, келді, салды.

2. Күрделі етістіктерді қатыстырып, сөйлем құрандар.

3. Сөйлемнің баяндауыш мүшесінің астын екі сзындар.

237-жаттығу. 1. Төмендегі сұрақтарға жауап жазындар.

1. Жаңбыр қайтіп тұр?
2. Бұлбұл орманда қайтіп жатыр?
3. Қарға ағаш басында неғып тұр?
4. Таң қайтіп атты?
5. Күн қалай батты?

Үлгі: Жаңбыр қайтіп тұр? – Жаңбыр жауып тұр.

2. Дара, күрделі етістіктердің астын сзындар.



238-жаттығу. 1. Жұмбақтың шешуін табындар.

Қос батырдың қолында
Әмірлерін орындалап,
Бір-бірімен иықтасады,
Батырларға тиіп қашады.

2. Етістіктердің астын сзындар. Дара түрінің астын да, күрделі түрінің астын да екі сзыықпен сзындар.



ЕТІСТІКТІҢ ЖІКТЕЛУІ

Етістікке жіктік жалғауларының жалғанып жіктелуін етістіктің жіктелуі дейміз: жатыр-мын, жатыр-сыз.

Етістіктер үш жақ бойынша жіктеледі.

Жіктік жалғаулары етістік сөздерге төмендегідей жалғанады:

**I жақ. Жекеше түрі: -м, -мын, -мін:
оқыды-м, бара-мын, келе-мін.**

Көпше түрі: -қ, -к, -мыз, -міз: оқыды-қ, келді-к, бара-мыз, келе-міз.

II жақ. **Жекеше түрі:** -ң, -сың, -сің: оқыды-ң, бара-сың, келе-сің.

Көпше түрі: -ңыз, -ңіз, -сыз, -сіз: оқыды-ңыз, бара-сыз, келе-сіз.

III жақ. **Жекеше түрі** мен **көпше түрінде:**
-ды, -ді, -ты, -ті: оқы-ды, бар-ды, кел-ді, кет-ті.

Дара етістіктің жіктелуі

Жекеше		Көпше
I жақ.	Мен отыр-мын.	Біз отыр-мыз.
II жақ.	Сен отыр-сың. Сіз отыр-сыз.	Сендер отыр-сың-дар. Сіздер отыр-сыз-дар.
III жақ.	Ол отыр.	Олар отыр.

Күрделі етістіктердің жіктелуі

Жекеше		Көпше
I жақ.	Мен отыр-мын.	Біз отыр-мыз.
II жақ.	Сен отыр-сың. Сіз отыр-сыз.	Сендер отыр-сың-дар. Сіздер отыр-сыз-дар.
III жақ.	Ол отыр.	Олар отыр.

239-жаттығу. 1. Етістіктердің қай жақта тұрғанын айтындар. Жіктік жалғаулары қай сөз табына жалғанғанын анықтап, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Кетпеншілерге көмек беріп тұрмын. 2. Лагерде ойнап-куліп жүрсің. 3. Бәрің де қатарда

барсындар. 4. Көктем кіріп келе жатыр. 5. Мен үйге кіріп келе жатырмын. 6. Ағам қазір ойнап-күліп жүр.

2. Жіктік жалғаулары жалғанбаған сөйлемдердің астын сызындар.

240-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріндер. Асты сызылған сөздің қай жақта тұрғанын анықтандар.

Бостандық

Бостандық – ну орманды гүл мекенім,
Толтырған ұланының гүлге етегін.
Тұысқан қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік –
Достығын өзгелерге үлгі етемін.

(Усен Өмірзақов)

2. Жіктік жалғауының үстіне «жіктік жалғауы» деп жазып қойындар.

 **241-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріндер. Етістіктерді тауып, оларға жалғанған қосымшаны ажыратындар.

1. Күнге қарап құлімдедім. 2. Айға қарап жымындағық. 3. Қай жұлдызды көрдініз? 4. Аспанға қарап, көп нәрсе білдік. 5. Бір-бірден жұлдыз таңдадық. 6. Жеті қарақшы жұлдызы жарқырады.




ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ

242-жаттығу. 1. Етістікке жалғанған жіктік жалғауларын негізгі түбірден дефис арқылы бөліп жазындар.

1. Отырмын, отырсың, отырсыз, отырмыз, отырдық, отырасыз, отырдыңыз.

2. Жүрмін, жүрсің, жүрсіз, жүрміз, жүрдік, жүресіз, жүрдіңіз.
2. Жіктік жалғауларының астын сызындар.

243-жаттығу. 1. «Етістік» сөзжұмбағы.



Сан.
Астана.
Құрмет.
Оқу құралы.
Реміз.
Септік.
Тұс.

2. Сөзжұмбақтың шешуі болған сөздерден сөйлем құрастырындар.
3. Сөзжұмбақтағы қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер қайсылар?

Етістіктер қимылдың, іс-әрекеттің жүзеге асатын мезгілін білдіреді.

Етістіктің үш шағы бар: осы шақ, өткен шақ, келер шақ.



244-жаттығу. Көшіріп жазындар. Етістіктерді тауып, астын екі сызықпен сызындар.

1. Мен үйде отырмын. 2. Кеше ауылға бардым. 3. Енді Жаңабазарға барамын. 4. Ағамыздың құлышының көріп келдік. 5. Көбелек өнді үшады.



ОСЫ ШАҚ

Осы шаққа қазір болып жатқан істерді атайтын істеп жатырмын, жүгіріп жүр, айтып тұр, күліп тұр, қарап отыр, жылап отыр сияқты сөздер жатады.

245-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қойып, сөйлемдерді көшіріндер.

- | | |
|---------------------|-------------------------|
| 1. Жаңбыр | 2. Көбелек гүлге |
| 3. Атам қауын | 4. Асылхан аулада |

Тиісті сөздер: жүгіріп жүр, сойып отыр, қонып тұр, себелеп тұр.

2. Етістіктердің қай шақта тұрғанын айтындар.
3. Сөйлемдердегі бастауыш пен баяндауыштың астын сызындар.

Осы шақ етістіктері не істеп отырсың?, не істеп жатырсың?, не істеп тұрсың?, не істеп отырмын? сияқты сұрақтарға жауап береді.

Тұр, отыр, жүр дейтін сөздер дара тұрып та осы шақ бола алады.

Мысалы: Әжем аулада жүр. Бабам орындықта отыр. Қасында інім тұр.

246-жаттығу. 1. Осы шақ етістіктерінің алдына керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді қатесіз көшіріндер.

1. ... тәңкеріліп жатыр. 2. ... соғып тұр. 3. ... өсіп тұр. 4. ... шырылдап жатыр. ... қозғалып отыр.

Керекті сездер: Тас, сағат, бәйшешек, жел, шелек.

2. Керекті сездердің қай сез табы екенін атандар, сұрақ қойындар.



247-жаттығу. 1. «Математикалық ойындар» деп аталатын ойынымыздың шарты жаттығуда ($T+10=\text{тон}$) көрсетілгеніндей етіп оқып шығындар.

$$100 + i_m =$$

$$\kappa + 10 + a_k =$$

$$T + 10 = \text{тон}$$

$$3 + k_iр$$

$$6 + n =$$

$$5 + i_k =$$

$$7 + K =$$

$$c + 10 + a =$$

$$k + 2 + l =$$

$$8 + k_3 =$$

2. Осы сездерді негізге алып, осы шақты білдіретін 5 сөйлем жазындар.

Үлгі: 1. Арухан жүзім жеп тұр.



ӨТКЕН ШАҚ

Өткен шақ етістіктері бұрын болған істі білдіреді: алышты, жанышты, беріпті.

Өткен шақ етістіктеріне не істедім?, не істедін?, не істеді? дейтін сұрақтар қойылады: бардым, бардың, барды.

248-жаттығу. 1. Сөйлемдердің мағыналарын анықтап, асты сызылған сездердің қайсысы етістік, қайсысы зат есім екенін жазындар.

1. Ағайындар әлдеқашан табысты. 2. Бір тын да болса, табысты ортаға сал. 3. Көкесімен шындық үшін көп таласты. 4. Таласты көбейтіп қайтесіндер?

2. Етістік пен зат есімге қойылатын сұрақтардың әр түрлі екенін айтындар.
3. Етістік пен зат есім қосымшаларының ұқсастығы мен айырмашылықтарын айтындар.
4. **Табысты, таласты** етістіктері қай шақта тұр?

249-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Сәлімжан жаңа жұмысқа қабылдан...
2. Әлімжан сыйлықпен сыйлықтан... . 3. Өткен күні бір топ ақку біздің ауылға кел... . 4. Жылан ағаш басына қарай өрме...ді. 5. Ағашты сүргімен сүргі...ді.

Тиісті жүрнақтар: -ды, -ды, -ді, -ле, -ле.

 **250-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Осы шақ етістіктерінің астын бір, өткен шақ етістіктерінің астын екі, келер шақ етістіктерінің астын үш сзызындар.

1. Күн бүгін құлпырып тұр.
2. Ағам осындаш шақта қалаға барады.
3. Мен де қалада биік-биік үйлерді көп көргенмін.
4. Ағаларым менің сөзіме қосылып тұр.
5. Бөлінген болса, қосылар.
6. Әңгімені Асқар жақсы жазған еді.



КЕЛЕР ШАҚ

Келер шақ етістіктері енді немесе келешекте болатын істі білдіреді: айтады, барады, келеді, шегелейді.

Келер шақ етістіктері **не істеймін?, не істейсін?, не істейді?** дейтін сұрақтарға жауап береді.

251-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Қолынан келген ғана қапты көтереді.
2. Тоғыздың кезінде үйден шығады. 3. Мен сендердің бөлімшелеріңе бармақпын. 4. Сіздің сөзіңізді ойлап көрмекпін. 6. Көзімен көргеннің бәрін де күнделігіне жазбақ.

2. Бұл сөздер қашан болатын істі білдіріп тұр?

252-жаттығу. 1. Етістіктердің қай жақта және қай шақта тұрғанын жазындар.

Мен барамын. Сен барасың. Сіз барасыз. Ол барады. Біз бармақпыз. Сендер бармақсындар. Сіздер бармақсыздар. Олар бармақ.

2. Етістіктерге сұрақ қойындар.

3. Ойлан, ізден. Келер шақтағы сөзді тап.

Қалауын тапса, қар қайтеді?

 **253-жаттығу.** 1. Көшіріп жазып, келер шақ етістіктерінің астын сыйындар.

1. Әкем келгенше шөп шабамын. 2. Айтқан жерге барамын, кел деген жерге келемін. 3. Иә, алдағы уақытта ол отын аралайды. 4. Түстен соң малға барамыз. 5. Ағам үште Ташкенттен келеді.

2. Етістіктердің қай мүше болып тұрғанын айтындар.



ЕСІМДІК

Зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына қолданылатын сөздерді есімдік дейміз.

Есімдіктер мыналар: мен, біз, сен, сіз, ол, олар, бұл, осы, мынау, анау, не?, кім?, қашан?, неден?, неге?, өз, бәрі, барлығы, баршасы, бірдене, әркім, әлдекім, кейбіреу, әрқайсы, ешкім, ештеңе, еш, ешнәрсе.

254-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, есімдіктердің астын сызыңдар.

1. Мен кітап алдым.
2. Сен оны оқып шық.
3. Егер мүмкіншілігі болса, сіз де оқыңыз.
4. Одан кейін ол оқысын.

255-жаттығу. Көп нүктенің орнына сұрау мағыналы есімдіктерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Қолыңдағы ... зат?
2. Үйге келген ...?
3. Сызғышты ... алып едің?
4. Әдең ... басталады?
5. ... сиырға шөп саласың?

Тиісті сұрау есімдіктері: кім?, не?, неден?, қашан?, неге?

Бұл, осы, мынау, анау – сілтеу есімдіктері.

 **256-жаттығу.** 1. Асты сызылған сөздердің қай сөз табы еkenін жазыңдар.

1. Бұл үйде нағашым жасайды.
2. Менің айтқан аулым – осы ауыл.
3. Мынау – Сырдарияның тұсы.
4. Анау – ертең біз баратын ел.

2. Ойлан, ізден. Сілтеу есімдіктерінің астын сыйындар.

Бұл бұл ма,
Бұл бұлбұл ма?



Бәрі, барлығы, баршасы, күллі – жалпылау есімдіктері.

257-жаттығу. Диалогтарды көшіріп, есімдіктердің астын сыйындар.

– Истің қаншасы бітті?
– Истің бәрі аяқталды ғой.
– Жарайсындар. Мендеш, Бердияр, Сұлтан, Нұрлан – барлығын бірге істейсіндер ме?
– Иә.
– Онда достарыңың баршасына мың рақмет.
– Сізге де рақмет.

(Құлназар Ибрағимов)

258-жаттығу. 1. Көшіріп жазындар. Жалпылау есімдіктерінің астын сыйындар.

Не керек жаныңа,
Осында бәрі бар.
Сыйым көп тағы да,
Ие бол, бәрін ал!

(Әбдікәрім Ахметов)

2. *Бәрі, бәрін сөздерінің айырмашылығы қайсы?*
Олар қай септік жалғауларында тұр?

Әрқайсын, әлдекім, әркім, бірдеңе – белгісіздік есімдіктері.



259-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді қатесіз көшіріңдер.

1. Ұят, ар ... балада болуға тиіс. 2. Балды көп жеген дұрыс дейді, ол пікірге қосылмайды. 3. Добымды ... алып кетіп еді, әлі әкелген жоқ.

Тиісті сөздер: кейбіреу, әлдекім, әрқайсы.



Бірде-бір, ешкім, ештеңе, ешқандай, ештеңе, дәненеңе сөздері – болымсыздық есімдіктері.

Әз деген сөз – өздік есімдігі.

260-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, есімдіктердің астын сыйындар.

1. Бірде-бір құстың жаманын көргенім жоқ.
2. Ешкім, ештеңе ұмытылмайды. 3. Оқимын, үйренемін дегенге ешқандай тосқауыл жоқ.
4. Қолыңа қару емес, кітаптан өзге ештеңе алма.
5. Қыр төсінде гүлден басқа дәненеңе жоқ.
6. Өзің оқып, өзің жаз.

261-жаттығу. 1. Мақалдарды оқындар.

Өз үйім – өлең төсегім.

Өзі сүйектің сөзі сүйік.

Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.

Өзіне қарама, сөзіне қара.

Өзіңнің шыққан тауың биік болсын.

Өзімен болғанның басқамен ісі жоқ.

2. Өздік есімдігіне жалғанған жалғауларды бөліп, теріп жазындар.

Үлгі: Өзі – өз – і.



262-жаттығу. Есімдіктерді қатыстырып, «Өзенде» дейтін тақырып бойынша шығарма жазындар.

Өзенде

Шығарманың жоспары:

1. Өзен маңының көрінісі.
2. Өзенге мұз қатты.
3. Өзеннің пайдасы.



ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРИ

Жіктеу есімдіктері 9 сөз: мен, сен, сіз, ол, біз, біздер, сендер, сіздер, олар.

Жіктеу есімдіктері 3 жаққа бөлінеді:

Жекеше

- I жақ мен
- II жақ сен
- сіз (сыпайы түрі)
- жақ ол

Көпше

- біз
- сендер
- сіздер
- (сыпайы түрі) III
- олар

I және II жаққа жататын жіктеу есімдіктеріне **кім?**, **кімдер?** деген сұрақтар қойылады.

III жақ есімдіктеріне **кім?**, **кімдер?**, **не?**, **нелер?** деген сұрақтар қойылады.

263-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына белгілі бір жақта тұрған есімдіктерді қойып, көшіріп жазындар.

1. ... жүрдім. Содан соң ... жүрдің. Не керек, сол күні ... ойнадық. 2. ... сабақтарыңызға барыңыздар. 3. ... да үйірмеге қатыссын.

2. Бастауыш болған сөздердің астын бір, баяндауыш болған сөздердің астын екі сыйындар.

264-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Сіз... ме... көмегім қажет емес пе? 2. Мәлдір ... сөзін де елең қылмай жүре берді. 3. Тұлқі: «О, әлемде теңдесі жоқ патшам! Бұл өмірде сіз... қайратты, ақылды, етті жоқ. Сондықтан да біз сіз... патша етіп сайлағанбыз», – депті.
4. Біз... ымырт кезінде күтіп алды.

(«Халық өртегілері» кітабынан.)

Тиісті қосымшалар: -ге, -нің, -дің, -ден, -ді, -ді.

2. Есімдіктердің қай септікте, қай жақта тұрғанын айтындар.

*  **265-жаттығу.** 1. Өлеңді көшіріп жазындар.

Мен атама тартқанмын:
Өнегесін аламын.
Домбырасын тартамын,
Шырқап әнін саламын.
Өнер қуған баламын,
Мен атамдай боламын!

(Әдібай Табылдиев)



2. Суретте кімдер бейнеленгенін айтыңдар.
3. Жіктеу есімдіктерінің астын сызыңдар.
4. Өлеңді жаттап алыңдар.

⌚ 266-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сұрақтарды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Біз (...) қар қүреуге шықтық. 2. Алма, алша көшеттерін қыста отырғызбайды. Қыста отырғызса олар (...) көктемей қалады. 3. Мен (...) соны білгендіктен, сендерге: «Көктемде егейік», – дедім. Ол (...) осыған көнді.

267-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті жіктеу есімдігін қойып, сөйлемдерді қатесіз көшіріңдер.

1. Қоян ба, қарсақ па, әйтеуір неге де болса зиян тигізбеуді ... үйреттіңіз. 2. ... еліміз ұланбайтақ. 3. ... Самарқантты, Бұхараны тамашалады. 4. ..., балам, анаңа сырыңды айт.

2. Жіктеу есімдіктеріне сұрақ қойып, сөздердің астын сызыңдар.

3. Жұмбақтағы есімдіктерді ата.

Сен: «Мен» десен, «Мен!» дейді,
Сен «Кел!» десен, келмейді.



268-жаттығу. Мәтінді көшіріндер. Сөйлемнің бастауышы мен баяндауышының астын сызындар.

Күн күлімдеп шықты. Мен де көшеге күлімсіреп шықтым.

Апам:

- Сен неге күлімдейсің? – деді.
- Әйткені, үйге қонақ келді. Біз күтіп алдық.
- Сендер оны неге айтпадындар, – деді апам, – олар қайда?

Арғы жақтан келіп қалған жеңешем:

- Апа, қонақтар қазір біздің үйде отыр, – деді.

Апам жеңешеме алғыс айтты.

2. Есімдіктерді атаңдар. Олардың қай септікте, қай жақта тұрғанын айтындар.

3. Мәтінге тақырып ойлап табындар.

Қосарланған есімдіктер дефис арқылы жазылады.



ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ СЕПТЕЛУИ

Жіктеу есімдіктері септелгенде, фонетикалық өзгерістерге ұшырайды: мен – мениң, сен – саған, ол – оған.

269-жаттығу. Сөздерді салыстырып оқындар.

Септіктер	Жіктеу есімдіктері		
Атау	мен	сен	ол
Ілік	менің	сенің	оның
Барыс	маған	саған	оған
Табыс	мені	сені	оны
Жатыс	менде	сенде	онда
Шығыс	менен	сенен	одан
Көмектес	менімен	сенімен	онымен

270-жаттығу. 1. Жоғарыдағы өзгеріске ұшыраған сөздерді теріп жазындар.

2. **Оған, саған, маған** деген есімдіктердің толық түрі қандай болуға тиіс еді?

3. **Оған** дейтін есімдіктің толық түрі – **олған**.

Қай дыбыс түсіп қалып, **оған** болып тұр?



271-жаттығу. Сөздерді салыстырып оқып көшіріп жазындар.

Мен – мен+нің – менің – **н** түсіп қалады.

Мен – мен-нен – менен – **н** түсіп қалады.

Сен – сен-нен – сенен – **н** түсіп қалады.

272-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріндер, есімдіктерге сұрақ қойындар.

Көбелек

Көбелек-аяу, көбелек,
Саған осы не керек?
Гүлге жаңа қонып ен,
Ойың бар ма жөнемек?!

Құрметтейді ел сені,
Көзің әсем – моншағың.
Ұстаймын деп мен сені,
Қуа-қуа шаршадым.

(Илияс Айынов)

2. Есімдіктердің қай есімдік екенін және қай жақта түрғанын айтындар.

273-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Мынау – се... дәптерің. 2. Ма... кітапты кім береді? 3. Қаламұшты ме... сұра. 4. Кино са... ұнады ма? 5. Ол мені... ауылға барады. 6. Се... бала кезден ардақ тұтамын.

Керекті жалғаулар: -ған, -нің, -ған, -ен, -ні, -мен.



274-жаттығу. Төмендегі зат есімдерді септендер.

Асқар, алма, ән, сезім.



ҮСТЕУ

Қимыл, іс-әрекеттің жай-күйін, мезгілін, мекенін, мөлшерін, т.б. белгілерін білдіретін сөз табын үстеу дейміз.

1. Біз ертең Ташкентке барамыз.
2. Атынды ерттеп; бері кел.

Үстеу қайда?, қашан?, қалай? деген сұрақтарға жауап береді.

қашан?

қайда?

1. Бағана кітапханаға бардық. 2. Мұнда өте жақсы кітаптар көп.

275-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздердің жазындар.

1. ... күн райы ашық болды. 2. Біраздан соң күн көтеріледі. 3. Сыртта тұрма ... кір. 4. Адамда ... күттіресің бе? 5. Балалар ... жүріп келеді.

Тиісті сөздер: жедел, осынша, ішкери, жоғары, бүгін.

276-жаттығу. Сөйлемдердің көшіріндер, үстеулердің астын сызындар.

1. Қайда барсан да, ерте бар. 2. Апам ағаммен кешке келді. 3. Кешкісін жұлдыздар шығады. 4. Әуелі тәртібіндегі түзе. 5. Бұрын барсан, орын бар.



277-жаттығу. Үстеу сөздердің қатыстырып бес сөйлем құрастырындар.

278-жаттығу. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқындар да, іс-әрекеттің уақытын, мерзімін білдірген үстеудің астын сызындар.

Бақытжанның папасы –
Ерте тұрды Мұбәрәк.
Таба алмай жүр етігін,
Қайда кеткен? Бұл не гәп?

279-жаттығу. Ертең, бүгін, түгел, төмен, кешке, тез үстеулерін қатыстырып сөйлем құрандар.



280-жаттығу. Үстеу сөздерді қатесіз көшіріп жазындар.

Әзір, әлі, бағана, бұрын, ылғи, әзер, әрен, дереу, кенет, жылдам, құр, онаша, түгел, аса, ең, мұлде, өте, тым, тіпті.



МЕЗГІЛ ҮСТЕУЛЕРІ

Іс-әрекеттің, қимылдың, мезгілін білдіретін сөздерді **мезгіл үстеулері** дейміз.
1. Ол әлі жүріп келеді. 2. Ол шындықты әзір айтты.

Мезгіл үстеулері қашан? деген сұраққа жауап береді.

281-жаттығу. Қашан? сұрағына жауап беретін сөздердің астын сызындар

1. Қыстың қары маған әрдайым ұнайды.
2. Апам енді келіп отыр.
3. Роман емес, әзірше ертегі оқып тұр.
4. Балам, кеше қайда болдың?

282-жаттығу. Өуелі мезгіл үстеулерінің соңынан мекен үстеуінің астын сызындар.

Кешегі елсіз жатқан маң
Аты аңыз боп жатталған.
Жер астының мұнайын
Теніз қылышп әктарған.
Апаларым көп мұнда.

(Ф. Онғарсынова)



283-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті үстеулерді қойып жазындар.

1. Ала... ән сал да, би билей бер.

(Абай)

2. Талай ұрпақ күесі,
Тобыл ағар қыр асып.
Көктем келсе бұрқырап,
... жуасып.

(С. Асанов)



МЕКЕН ҮСТЕУЛЕРІ

Іс-әрекеттің, бағытын білдіріп, қайда?,
қайдан? деген сұрақтарға жауап беретін
үстеулерді мекен үстеулері дейміз: төмен,
жоғары, кері, мұнда, сыртқары, тысқары,
ішкери, ілгери.

284-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазындар.

1. Көкемнің қойлары... – ... жүр.
2. Жұмысты... – ... қып аяқтама.
3. ... бір жұлдыз көрінеді.
4. ... жатқан балалар қашан оянды?

Тиісті сөздер: мұнда, ілгеріде, жоғарыдан, одан-бұдан, онда-мұнда..

285-жаттығу. Сөйлемдердегі мекен үстеулерінің астын сыйып, үстіне сұрағын жазындар.

1. Қаздар, иттер әріде тұр.
2. Төменде үлкен қала шырақтары көрінді.
3. Сіздің ауыл

біздің ауылдан ішкери екен. 4. Жаман әдеттен де, жаман әдептен де өрі жүр. 5. Жұлдыздар жоғарыда тұрады.



286-жаттығу. Берілген мезгіл, мекен үстеулерін бөліп жазындар.

Әуелі, тәмен, әлі, жоғары, бағана, әрі, әуелде, әрірек, жаздай, ішкери, онда-мұнда.

1. Мезгіл үстеулері: әуелі;
2. Мекен үстеулер: онда-мұнда,



287-жаттығу. Мекен үстеулерін жазындар

1. Ала қасқыр әрмен кетті. 2. Қара кер ат бермен жүрді. 3. Ата-анамның туған жері осында. 4. Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде. 5. Мал бағуға кейінірек шық.

288-жаттығу. Сөйлемді көшіріп жазып, мезгіл, мекен үстеулерінің астын сыйзындар.

1. Атам менің әманда
Әдепті жан бол деген.

(Ә. Асылбеков)

2. Қалада өскен Манарбек
Айтты бірде маған кеп:
«Жазда ауылға барам!» деп.

(Қ. Баянбаев)



289-жаттығу. Мезгіл, мекен үстеулерді қатыстырып, 3 сөйлемнен құрандар.



СЫН-БЕЙНЕ ҰСТЕУЛЕРІ

Іс-әрекеттің сын бейнесін білдіріп, қалай?, қалайша?, қайтіп?, кімше?, не сијақты? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді *сын-бейне ұстеулері* дейміз: аман, әрен, әзер, бекер, дереу, жай, жедел, тез, оқыс, шұғыл.

290-жаттығу. Сөйлемдердегі сын-бейне ұстеулерінің сонына сұрақтарын қойып жазындар.

1. Ол қар басына әзер шықты.
2. Асқар қарт кісіге дереу жедел көмек берді.
3. Анаңа жетемін десен, жылдам жүр.
4. Сұрағына қысқаша жауап бер.
5. Құлаған бала аздап жарақат алды.

Үлгі: Сұрағанға қысқаша (қалайша?) жауап бер.

291-жаттығу. Көп нүктенің орнына сын-бейне ұстеулерін қойып жазындар.

1. Гимнастшы бала ... түсті.
2. Шалқар ... жүзді.
3. Ол ... жеңіске жетті.
4. Махамбет ... сөйлейді.
5. Етті ... же.

Ти істі ұстеулер: шалқасынан, етпетінен, орысша, післей, осылайша.



292-жаттығу. Сын-бейне үстеулерін қатесіз көшіріп жазындар да, 4 сөйлем құрастырып жазындар.

Айрықша, әлінше, ерекше, осылайша, өзінше, өзгеше;

Жартылай, осылай. тірілей, тікелей;

Кенеттен, тәтесінен, шалқасынан;

Аздал, жаппай, сеспей.



ҚУШЕЙТКІШ ҮСТЕУЛЕРІ

Қимыл-әрекетті не өте қүшейтетін, не өте кемітетін үстеулерді қүшейткіш үстеу дейміз: ең, тым, тіпті, өте, әбден, кілең, т.б.

293-жаттығу. Сөйлемдегі қүшейткіш үстеулерді теріп жазындар.

1. Сенің шырқаған әнің өте жақсы.
2. Лашын – тым жоғарыда ұшатын құс.
3. Әрең «5»-тік баға алдым.
4. Қарияға көмек бергендерің тіпті жақсы.
5. Гүлістан – кілең жастар қаласы.
6. Домбыра тартсаң, әбден жақсы!

294-жаттығу. Берілген үстеулерді теріп жазындар.

Жаңа, әлі, тәмен, әрмен, ерте, бүгін, ілгері, өте, әзер, кешке, тым, жаздығұні, мұнда, етпетінен, әбден, шалқасынан, тіпті, онда-мұнда.

Мезгіл үстеулері: ерте,

Мекен үстеулері: тәмен,

Сын-бейне үстеулері: етпетінен,

Қүшейткіш үстеулері: тым,



295-жаттығу. Өлеңдердегі үстеулерді теріп жа-зындар.

Бұркіт

Бұркіт ірі, қайратты,
Сұлу, өзі айбатты.
Көтеріліп тым биік,
Көзбен шалар аймақты.

Бұркітші

Аңшы, бірақ бұл тіптен
Шықпайды аңға мылтықпен.
Аң мен құсты бұркітші
Аулайды ылғи бұркітпен.



ШЫЛАУ

Жеке тұрған кездे мағынасы болмайтын, бірақ басқа сөздерге көмекшілік қызмет атқаратын сөздерді шылау дейміз.

Шылаулар: *сайын, үшін, жөнінде, туралы, секілді, сияқты, туралы, мен, бен, пен, және, әрі, да/де, та/те, ба/бе, па/пе, дейін, шейін, қой/ғой, қана/ғана, -ақ, -ау.*

Мен, (пен, бен), және шылаулары

Сөз бен сөзді байланыстыратын шылаулар мыналар: мен, (пен, бен), және.

296-жаттығу. 1. Бағандағы сөздерді салыстырып оқындар.

1. Лақ, қозы.

Лақ пен қозы.

- | | |
|-----------------|-----------------|
| 2. Бұлт, жауын. | Бұлт пен жауын. |
| 3. Асан, Үсен. | Асан мен Үсен. |
| 4. Жаз, күз. | Жаз бен күз. |
2. 2-бағандағы сөздердің **пен**, **мен**, **бен** шылаулары арқылы байланысып тұрғанына көніл бөліндер.
3. Байланысып тұрған сөздер қай сөз табына жатады?

297-жаттығу. **Мен, пен, және** шылауларын қатыстырып хабарлы сөйлем құраңдар.

 **298-жаттығу.** Мәтіннің ішінен шылауларды өзі байланыстырып тұрған сөздерімен көшіріндер.

1. Екібастұз кенін тапқан – Қосым Көшкінбайұлы және Баянауыл қызы Татьяна Белденнова. (Ә.Жосалин.) 2. Қоқан мен Әндіжан—әсем қалалар. 3. Әнші мен күйші ауылға барыпты. 4. Ақмоншақ пен Тайбурыл желе жортып кетті.

 **299-жаттығу.** 1. Сөздерді оқып, көп нүктенің орнына керекті шылауларды қойып жазыңдар.

бала ... қыз	аң ... құс
аспан ... жер	сәбіз ... күріш
от ... су	қырғыз ... өзбек

2. Сөздерге сұрақ қойыңдар.
3. Сөздердің қай сөз табына жататынын айтыңдар.

300-жаттығу. Берілген шылауларды теріп жазыңдар.

Ерте, Болат, Үсен, бен, үшін, және, туралы, пен, ғана, әбден.



301-жаттығу. Тәмендегі сөздерді шылаулармен байланыстырып сөйлем құранғдар.

Кітап, дәптер, ата-ана, жақсы, жаман, көктем.



Да (де), та (те) шылаулары

Өзінен алдыңғы сөзге тек қана қосымша мағына беретін шылаулар: да (де), та(те).

Бірыңгай сөздермен бірге бірнеше рет қайталанып келген осы шылаулардың арасына үтір белгісі қойылады: Менің әжем де, сенің әжең де – аяулы жандар.

Да(де), та(те) шылауларын жатыс септігінің жалғауларымен (-да, -де, -та, -те: суда, көлде, атта, елekte) шатастыруға болмайды.

302-жаттығу. 1. Бағандағы сөздерді салыстырыңдар.

1. Сынып, мектеп таза
2. Нан, шай дайын.
3. Күн, түн бірдей ме?
4. Қыс, жаз қызықты.

1. Сынып та, мектеп те таза.
2. Нан да, шай да дайын.
3. Күн де, түн де бірдей ме?
4. Қыс та, жаз да қызықты.

2. Сөз бен сөзді байланыстырып, қосымша мағына үстеген сөздердің астын сыйындар.

303-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып жазындар.

1. Арпа ..., бидай ... – дәнді дақылдар.
2. Жас бала өтірік ..., өсек ... айтпайды.
3. Елді ..., ерді ... қадір тұт.
4. Адам ..., ат ... қағылады.
5. Қыс ..., көктем ... өтіп барады.

Тиісті шылаулар: да, да, те, те, де, де, да, та, та, де.



304-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, көшіріп жазындар.

1. Сіз деген де, сен деген де бір ауыздан шығады.
2. Ірімшік те, құрт та, май да, айран да сиыр сүтінен алынады.
3. Көктемде, күзде ағаштың жапырақтарын байқандар.

⌚ **Ма (ме), ба (бе), па (пе) шылаулары**

Өздері тіркескен сөздерге сұрақ мағынасын беретін шылаулар: ма(ме), ба(бе), па(пе).

Қайталанған осы шылаулардың арасына үтір, соғысынан соң сұрақ белгісі қойылады.

305-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлөп оқып, қатесіз көшіріп жазындар.

Енеңді сен көрдің бе,
Қозым, қозым, қозым?

«Мамалап» кеп емдің бе,
Өзің, өзің, өзің?

(Байбота Серікбайұлы).

2. Сұрау мағынасын бергізген шылаулардың астын сызындар.

306-жаттығу. Сөздерді оқып, көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қосып жазындар.

Қала ... ауыл.
Жазу ... сыйзу
Құс ... аң

Жұмбақ ... жаңылтпаш
Бәрік ... тақия
Тоғыз ... он



307-жаттығу. 1. Бағандағы сөздерді салыстырындар.

1. Нан ұсағын баспа

1. Мына шашы
жуылған бас па?

2. Сандықты ашпа.

2. Сенің қарның аш па
3. Ол алманы алар ма?

3. Маған жаман
көзіңмен аларма

2. Шылаулардың жазылуына көніл бөл.


⌚ **Үшін, туралы, дейін (шейін) шылаулары**

Үшін, туралы, дейін (шейін) шылаулары өзі тіркескен сөздерге үстеме береді.

308-жаттығу. Сөйлемдерден шылауларды тауып, астын сызындар.

1. Ел үшін батырлар мерт болған.
2. Үйге дейін әңгіме айтып бар.
3. Адалдық туралы ертегі оқы.
4. Сағат үшке шейін ата-анама көмектесемін.

309-жаттығу. «Шылау» сөзжұмбағын шешіндер.



Төсеніш
Береке.
Түс.
Жеміс.
Шылау.



310-жаттығу. 1. Турағын шылауын қатыстырып 2 сөйлем құрандар.

2. Ту-ра-лы шылауындағы у дыбысы дауысты дыбыс па, дауыссыз дыбыс па?



Қой (ғой), қана (ғана) шылауы

Қой (ғой), қана (ғана) -ақ, шылауы өздері тіркескен сөздерге түрлі мағыналық рең береді: бос сөз ғой, саған ғана, барадымыс.

Қой (ғой) шылаулары өзінен бұрынғы сөзбен бірге сөйлемнің баяндауыш мүшесі болады: Балам, оқуына бара ғой.

311-жаттығу. Сөйлемдерді оқындар. Сөйлемдегі шылау мен қосымшаларды сұрақ қою арқылы ажыратып жазындар.

1. Айдана мен Арухан – жақсы қыздар.
2. Айданамен бірге Арухан мектепке барды.
3. Мен 4-сыныпта оқимын.
4. Қарындаш пен сызығыш – оқу құралдары.
5. Ол суретті қылқаламмен емес, қарындаш-пен салып жүр.

-ақ, сияқты шылау өзінен бұрынғы сөздерден дефис (-) арқылы бөлініп жазылады: көрікті-ақ.

312-жаттығу. Шылаулар қатысқан сөздердің астын сызып, көшіріп жазындар.

Бұрынғыдай емес, қалаларымыз бүгінде өте сұлу-ақ. Кісінің сөзін бөлмей-ақ қой. Жақсылық жасамасаң, қонаққа бармай-ақ, тыныш отыр. Шашпай-төкпей-ақ жесеңші.



313-жаттығу. Дейін, шейін, үшін шылауын қатыстырып 6 сөйлем құрандар.



314-жаттығу. Салыстырып оқып, айырмашылықтарды байқандар.

- | | |
|-----------------------------------|-----------------------------------|
| 1. Ұзамай ақ тәбет
қуып жетті. | 1. Ұзамай-ақ тәбет
қуып жетті. |
| 2. Балаларым-ай,
көрдіңдер ме? | 2. Балаларым, ай
көрдіңдер ме? |
| 3. Үлкен ақ
үйдің тәбесі. | 3. Үлкен-ақ үйдің
тәбесі. |

(Мамытбек Қалдыбаев).

315-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазып, шылаулардың астын сызындар.

Ел үшін еңбек етсөң, халық сүймек,
«Біз үшін отқа, суға түсіп жүр» деп,
Ер өлсе де, еңбегін ел өшірмес,
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек!

(С. Торайғыров).



316-жаттығу. Сөз бен сөзді байланыстыратын шылауларға 4 сөйлем құрандар.



СӨЗ ТІРКЕСІ, СӘЙЛЕМ ЖӘНЕ СӘЙЛЕМ МУШЕЛЕРІ

317-жаттығу. Сөздерді екі топқа бөліп жазындар, әр топтағы сөздерді бір-бірімен байланыстырындар.

1. Үлкен, жемісті, еңбекке, темір, балалық, шапшаң, бес, жылы, тұлқі.

2. Шақ, кел, оқушы, тәртіп, ағаш, баулу, айна, үй, тымақ.

318-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сөз тіркесін толықтырындар.

... гүлі, Құмған, қамыс ..., темір ..., орман ..., ...ақсақалы, ... директоры.

Керекті сөздер: мектеп, ауыл, алқабы, тор, ши, жез, алма.

Жаңа мағына тудыру үшін тіркескен сөздердің тобын сөз тіркесі дейміз: екі бала, темір күреқ, алмалы ауыл, тез оқу, есеп шығару.



319-жаттығу. Тәмендегі мақал-мәтелдердің көшіріп жазындар. Олардың қандай сөйлем екенін, құрамында неше сөйлем, неше сөз тіркесі барын айтындар.

1. Елдің көркі – мал, өзен көркі – тал, жылқы көркі – жал. 2. Алып анадан туады, ат биеден туады. 3. Асыл ердің баласы аз сөйлеп, көп тыңдайды. 4. Адам болар жігіттің етек-жеңі кең болар. 5. Жақсы ат жанға серік. 6. Байлықтың атасы – енбек, а纳斯ы – жер.

 **320-жаттығу.** 1. Төмендегі өлеңді қатесіз көшіріндер.

Бес саусақ

Бас бармағым – атам – үйдің данасы,
Балаң үйрек – әжем – ошақ анасы,
Ортан терек – әкем – отау панасы,
Шылдыр шүмек – анам – шаңырақ ажары,
Титтей бебек – мен – бәрінің базары.

(Ермек Өттепілеуов)

2. Бірінші сыңары сын есім, екінші сыңары зат есім болған сөз тіркестерінің астын сызындар.

321-жаттығу. Өлеңді көшіріндер. Бір сыңары ілік септігінде, екінші сыңары тәуелдік жалғауында тұрған сөз тіркесін атаңдар.

Мектеп

Мектеп – ұя, жол басы,
Балалардың мектебі.
Мектеп – білім ордасы,
Ағалардың мектебі.

(Серікбай Оспанов)



322-жаттығу. 1. Сөз тіркестерін көшіріндер.

1. Салқын, тәтті, биік, әдемі, сұлу, кен.
 2. Мандай, қыз, жазу, тау, самал, қауын.
- Үлгі: тәтті қауын, ...
2. Бұл сөз тіркестерінің қай септікте тұрғанын айтындар.
 3. Сын есім мен зат есімнен сөз тіркестерін жасаңдар.

 **323-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Бір сөйлемде неше сөз тіркесі барын айтындар.

1. Жазық да^{ла} т^{өсінде} жа^{қсы} адам^{дар} жүр.

2. М^{өлдір} б^{ұлақ} а^{қты}.

3. Т^{өрт} о^{қушы} ж^{ылы} жа^{ңбыр} а^{стында} түр^{ды}.

Үш о^{қушы} к^{ітапты} о^{қи} ба^{стады}.

2. Екі кісі ығысса, неше кісіге орын бар: *Екі кісі және бір кісі* деген сөз тіркестері қай сөз таптарынан жасалған?

324-жаттығу. 1. Сөздерді жүптап жазындар.

Хат, су, кітап, қыздың, асау, ішті, жаздым, оқыдық, биік, көркі, жүрек, тау.

Үлгі: су ішті.

2. Әрі сөз тіркесі, әрі сейлем қызметінде түрған сөз тіркесін табындар.

Сөз тіркесі жеке де айтылады: таза ауа, биік тау.

Сөз тіркесі сейлем ішінде де келеді: Бостандықтағы таза ауа жаныңды жады-

ратады.



325-жаттығу. 1. Суретте бейнеленген жердің атын атаңдар.



2. Астық алқабы, ақ бидай, екі комбайн, ыстық наң және жас наубайшы сияқты сөз тіркестерін қатыстырып әңгіме жазыңдар.

ЖАЙ СӘЙЛЕМ МЕН ҚҰРМАЛАС СӘЙЛЕМ

Бір ғана тиянақты ойды білдіретін сөйлемді жай сөйлем дейміз: Отанды сүю керек. Барлық нәрсе Отаннан басталады.

326-жаттығу. 1. Мәтінді қатесіз көшіріп жазыңдар.

Сәуле мен Маржан – дос. Олар мектепте үздік оқиды. Екеуі өзенге барды. Өзен суы мөп-мөлдір екен. Екі дос жаңа өлеңдерін асau өзенге арнады.

Өздері де осыған қуанды.

(Ағира Хайдарова).

2. Мәтіндегі сөйлемдердің әрқайсысы да аяқталған бір ойды білдіріп тұрғанына назар аударыңдар.

3. Сөйлемдер қай мақсатты білдіріп тұр деп ойлайсыңдар?

327-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына төмендегі тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырып жазындар.

Шалғышыға ... алғысы көп.

Шалғышысының ... қалғысы жоқ.

* * *

Мақанға Қаман ... бермеді.

Қаманға Мақан ... бермеді.

Тиісті сөздер: шалғышының, шалғышыдан, бор, бой.

2. Жаңылтпаштарды жаңылмай оқуға әрекет ет.

3. Жазған сөйлемдеріңің қай сөйлем екеніне көніл бөліндер.



328-жаттығу. 1. Екі бағандағы сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Қыс өтті. Көктем келді.	Қыс өтіп, көктем келді.
2. Күн жылдыңды. Жер көгерді.	Күн жылдыңып, жер көгерді
3. Марат пен Жанат қуанды. Өздері жасайтын көшеге көшет отырғызды.	Марат пен Жанат қуанып, өздері жасайтын көшеге көшет отырғызды.

2. Әрбір сөйлем неше ойды білдіріп тұр?

3. Екінші бағандағы сөйлемдерді оқығанда, қандай тыныс белгілерін аңғардыңдар?

4. Бірінші және екінші бағандардағы сөйлемдердің баяндауыштарына сұрақ қойындар.

Екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралған сөйлемді құрмалас сөйлем дейміз.

 **329-жаттығу.** Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемдерге айналдырып жазыңдар.

1. Бала ойнап жүр. Байқамай қымбат шыныаяқты сындырып алды.
2. Болат жыымиды. Кішкене Бекжанның кекілінен сипады.
3. Кірпіштер түсірілді. Құрылыш жұмысы қызу жүріп жатыр.
4. Құн көтерілді. Қымыз қотарылар шақта Нұржан ақсақалдың үйінде ауыл қарияларының басы қосылды.

(«Балдырган» журналынан)

Үлгі: Бала ойнап жүріп, байқамай қымбат шыныаяқты сындырып алды.

330-жаттығу. 1. Өлеңді қатесіз көшіріндер. Бұл өлеңде неше құрмалас сөйлем барын айтыңдар.

Шілде

Шілдеде шалғын ұзарып,
Сарғаяр егін алабы.
Қарақат пісіп, қызарып,
Көзіңің жауын алады.

(Несілбек Айтов)

2. Әрбір құрмалас сөйлемнің құрамында неше жай сөйлем бар?
3. Әрбір жай сөйлемде қанша сөз бар?

Құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдер ең кемінде екеу болады: Басқалар қалай қуанса, мен де солай қуанамын.

Құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің арасына сәл дауыс кідірісі жасалып айтылады: Кім көп істесе, сол көп алады.

Құрмалас сөйлем жасайтын жай сөйлемдердің ортасына үтір және қос нүкте қойылады.



331-жаттығу. 1. Өлеңді оқып, көп нүктенің орнына д, а әріптерінің тиістісін қойып, оны бас әріппен жазындар.

Үзілісте және сабакта

Ұстаз сабак сұраса,
...ыбысы да шықпайды.
Үзіліске шыға сап,
...узы-аузына жұқпайды.

(Ерлан Бағаев)

2. Өлеңдегі құрмалас сөйлемнің құрамында тұрған әрбір жай сөйлемнің бас әріптен бастап жазылатынын ескеріңдер.



ЖАЛАҚ СӨЙЛЕМ МЕН ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМ

Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлемді жалақ сөйлем дейміз: Таң атты. Әтеш шақырды.

332-жаттығу. 1. Екі сөзден құралған сөйлемдерді көшіріп жазындар. Сөйлем мүшесіне талдаңдар.

1. Нұрлан, Аян, Сабыржан – бәрі бір мектепте оқиды. 2. Біз көшеміз. 3. Бауыржан, Бақтияр қоштасуға келді. 4. Мен күлдім. 5. «Ауылға барып орналасқан соң, хат жазындар», – деді. 6. Марат қуанды. 7. Нұрболат көкем мақталықта жүр.

2. Еккен, сепкен сөздеріне орады, алады сөздері тіркестіріп жалаң сөйлем құрандар.

333-жаттығу. 1. Екі қатардағы сөйлемдерді салыстырындар.

Біз оқыдық.

Біз кітапты (нені?) оқыдық.

Қар жауды.

Қар ертеңгісін (қашан?) жауды.

Су ақты.

Су сарқырап (қалай?) ақты.

Өлең жазылды.

Өлең тауда (қайда?) жазылды.

2. Бірінші қатардағы сөйлемдерде қай мүшелер бар?

3. Екінші қатардағы сөйлемдерде қай мүшелер бар?

Құрамында тұрлаулы мүшелері де, тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлемді жа - йылма сөйлем дейміз. Ақку ертеңгісін үшты. Ақкуды адамдар аялайды.



334-жаттығу. 1. Сөйлемдерді бас әріппен бастап жазындар. Тиісті тыныс белгілерін қойындар.

Ангрен – әсем қала онда менің Қайсар дейтін ағам еңбек етіп, ер атанды осы Ангрен қаласында маңызы үлкен құрылыштарды уақтылы бітіріп, пайдалануға тапсырған – үлкен ағам өзіміз тұратын қалада жақсы адамдардың барына қуанып, бәріміз риза болып журміз. Біздің қаламыз – әсем Ангрен қаласы

2. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің айырмашылығын ескеріндер.



335-жаттығу. 1. Тиісті сөздерді пайдаланып, жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемдерге айналдырып жазындар.

1. Балық шоршыды. 2. Өрік гүлдеді. 3. Отын жарылды. 4. Найзағай жарқылдады. 5. Қонақ келді.

Керекті сөздер: аспанда, көктемде, өзенде, үйге, көп.

2. Тұрлаусыз мүшелердің астын сызындар.
3. **Балық, өрік, отын, найзағай, қонақ** сөздері қай сөз табына жатады? Қай септік жалғауында тұр?

★ 336-жаттығу. Сурет бойынша сөйлем құрастырып жазындар.

Үлгі: Бұл – балабақша. Біз осында ойнаймыз. Батпырауық көкте ұшады.



337-жаттығу. Жайылма сөйлемдерді көшіріңдер. Бірінші және екінші қатарлардағы сөйлемдерде қанша сөйлем мүшелері бар екенін айтындар.

1. Белдерсайда шаңғы тептік.
Белдерсайда кеше шаңғы тептік.
2. Балжан ән салды.
Балжан домбырамен ән салды.
3. Жандос мал бақты.
Жандос жайлауда мал бақты.



СӨЙЛЕМНІЦ ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ МУШЕЛЕРІ

Бір ғана сөзден жасалған сөйлем мүшесін сөйлемнің дара мүшесі дейміз: Сайда шегірткелер шырылдады.

Екі яки одан көп сөзден жасалған сөйлем мүшесін сөйлемнің күрделі мүшесі дейміз: Сайда шегірткелер шырылдай бастады.

338-жаттығу. 1. Жайылма сөйлем құрамындағы тұрлаусыз мүшелердің қай септікте тұрғанын айтындар.

1. Таза суға түкірме. 2. Ағайынның баласымен араздаспа. 3. Алыстағы ағайынға келдік. 4. Біз ағайынды таптық. 5. Ағайынның аты озды.

2. Тұрлаусыз мүшелер қай сөз таптарынан жасалғанын айтындар.

3. Баяндауыш болған бұл сөздер дара мүше ме, күрделі мүше ме?

339-жаттығу. 1. Көшіріп жазындар. Дара және күрделі сөздерді табындар.

1. Жеті септік жалғауы бар.

Жетпіс жеті дәптер алдық.

2. Бес сөйлем мүшесі.

Жаңа айға он бес күн қалды.

3. Оқушылар серуенге шықты.

Күн шыққалы жатыр.

4. Бала көшеде жүр.

Қыздар ойнап жүр.

2. Күрделі сөздердің астын сызып, олардың қай сөз табына жататынын айтындар.

 **340-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті күрделі сөздерді қойып, сөйлемдерді қатесіз көшіріндер.

1. Биікте құстар 2. Дегелектер көлден 3. Не дейтінімді ағам 4. Бір сыныпта ... оқушы бар. 5. Ағам мен әкем

Ти істі сөздер: сырласып келеді, жиырма алты, біліп тұр, ұшып өтті, ұшып жүр.

2. Баяндауыштың астын екі сызындар.



341-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Шындықты сізге **айтпасам болмай қалды**.
2. Жақсы істі **бастау керек**. 3. Қаламұшын **тығып қойған шығар**. 4. Ол мойнын орамалмен **таңып тастапты**. 5. Мұндай аққуды басқа жақтан **ұшырата алмайсың**. 6. Жұрт Абай әнін **естігісі келеді**.

2. Қарамен жазылған сөздердің қандай мүше екенін айтындар.

342-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Күрделі мүшелердің астын сызындар.

1. Таң атты. 2. Арайлы таң атып келеді.
3. Құстар қайтты. 4. Құстар қайтып барады.
5. Мал ұзады. 6. Мал ұзап барады. 7. Көк шықты. 8. Көк шығып келеді.

2. Күрделі мүшелердің астын — белгісімен сызындар.



343-жаттығу. 1. Мәтінді көшіріп жазып, жалаң сөйлемдердің астын сызындар.

Көктем басталды. Тал, терек көгерді. Тау қарлары еріп біткен.

Мынау – жол.

Сырлар өріске бет алды.

Трактор табандап тұр. Биік үйлер көз тарта-
ды. Әйгерім сіңлісін жетектеп барады.

(Ағира Хайдарова)



2. Мәтінге ат қойындар.



СӨЙЛЕМНІЦ БІРЫҢГАЙ МУШЕЛЕРИ

Сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бір-
дей тұлғада айтылған сөздерді сөйлемнің
бірыңгай мүшелері дейміз.

Бірыңгай мүшелер сөйлемдегі бір-ақ
мүшемен байланысады.

Бірыңгай мүшелердің арасына үтір (,)
қойылады.

344-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.
Қарамен жазылған сөздерге көніл бөліндер.

1. **Мұқағали, Оспанхан, Төлеген, Нармахан, Қадыр** – бәрі бір көшениң адамдары. 2. **Фариза мен Ханбибі, Марфуға** мен **Ақүштап** – бұлар қазақтың белгілі ақын қыздары. 3. **Қыбырай** ауданында **алма, алша, өрік, жұзім**— бәрі өседі. 4. Бала болған соң **ойнайды, құледі, секіреді**. 5. **Айтуарға, Ақшагұлге, Құлмаханға, Наурызбайға, Талғатқа** адамдар алғыс айтты.

2. Қарамен жазылған сөздер неше сұраққа жауап беріп тұрғанын айтындар.

345-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазындар да, сөйлемдердің асты сызылған сөздеріне сұрақ қойындар.

1. Орманда андар жүр.
Орманда аю, қасқыр, жолбарыстар жүр.
 2. Елімізде өзендер бар.
 2. Елімізде Шыршық, Әмудария, Сырдария, Зарафшан, Ангрен, Бозсу, Қарасу бар.
 3. Үйге қыздар келді.
 3. Үйге Манат, Гүлнэр, Анар келді.
2. Асты сызылған сөздердің қай мүшемен байланысқанын айттындар.

 **346-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріндер. Бір сұраққа жауап беретін сөздерді тауып, астын сызындар.

1. Баласы Әмір ұзын бойлы, ат жақты, апарық, сылсыңғыр қара жігіт болатын.
2. Менімен де, балалармен де бірде-бір ісі болмады ғой.

3. Үйдің құты да, берекесі де, ажары да – әйел.
4. Сенің тұла бойында пәктік пен нәзіктік, ибалылық, адалдық қасиеттер тұнып тұруы қажет (Қ.Сейданов).

2. Шылау сөздерді атандар.



Бірыңғай мүшелер жеке сөзден де, сөз тіркесінен де жасала береді:

1. Қозы, лақ, тай өрісте жүр.
2. Қара қозы, ақ лақ, асау тай өрісте жүр.

347-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп, бірыңғай мүшелердің астын сыйзындар.

«А»

– Ата, зейін салдың ба?
Бар әріптің алдында
Неліктен «А» тұрады? –
Деп бір күні сұрадым.
Атам менің сауатты
Былай берді жаупты:
– Ата,
Ана,
Ақыл,
Ар,
Адам ...
«А»-дан басталар.
Содан шығар, Құрбаным,
«А»-ның алда тұрғаны!...



(Қадыр Мырзалиев)

2. Бірыңғай мүшелердің қай септікте тұрғанын айтындар.
3. Осы өлеңде қай сөз жалқы есім болып тұр?

348-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.

Ата, ана – тамыр, бала-шаға – жапырақ

Ата мен ананың бірі – құлыш, бірі – кілт.

Аяған көз, көлге шөп түсер

Қырағы көз бен көлдің қадіріне жетейік.

Жеті, тоғыз – киелі сандар

Сағат жеті мен тоғыздардың арасында кел.

2. Бірыңғай мүшелерге сұрақ қойындар

3. Мен, бен – септік жалғаулары ма әлде шылау ма?

Бірыңғай мүшелер және, мен, пен, бен шылаулары арқылы жазылған кезде, бұл шылаулардың алдынан да, сонынан да үтір қойылмайды: Қыз бен бала – біздің болашағымыз.

Бірыңғай мүшемен қатар келген -да, -де, -та, -те шылаулары қайталанғанда, олардың арасына үтір қойылады.



349-жаттығу. Бірыңғай мүшелердің арасына қалып кеткен тыныс белгіні қойып жазындар.

1. Бақшада жүзім алма өседі. 2. Халқымыз бүгінде бақытты қуанышты өмір сүріп жатыр.

3. Қарағай мырзатерек қайың – бәрі де ағаштар. 4. Кітап пен дәптер қаламсап пен қарындаш та бар. 5. Сырдария да Амудария да – үлкен өзендер.

 **350-жаттығу.** 1. Бірыңғай мүшелердің арасына қалып кеткен тыныс бөлгіні қойып жазындар.

Алмада жүзімде бай дәрумендер бар. Алма да, жүзім де ауылда көп.

Атта есекте таға бар.

Ат та, есек те жайылып жүр.

Пейілде, көңілде кіrbің болмасын.

Пейіл де көңіл де таза.

2. Сөйлемдерді салыстырындар.

351-жаттығу. 1. Өлеңді оқындар да, мағынасын ту- сініп алындар. Сөйлемнің бірыңғай мүшесі болып тұрған жыл аттарын буынға бөліп жазындар.



Жыл санау

Жылдармен таныс:
Тышқан, Сыр, Барыс.
Әрі қарай бұдан:
Қоян, Ұлу, Жылан,
Одан арғы көшің:
Жылқы мен Қой, Мешін.
Тауық пен Ит, Доңыз –
Он екі жыл деңіз.
Жасты өлшеп-пішер,
Он екі жыл – мүшел.

2. Бірыңғай мүшелердің астын сыйзындар.
3. Бірыңғай мүшелердің қай септікте тұрғанын айттындар.



352-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазып, бірынғай мүше болған сөздердің астын сызындар.

Ана тілі

Ана тілің – елдігің,
Төрің,
Жерің,
Жыр-әнің.
Кеңдік және тендігің,
Әз дауысың,
Ұраның.

Ана тілің –
Ай,
Күнің
Құшағына алатын.
Сарқылмайтын
байлығың,
Ұшар болсаң – қанатың.
(Шаймерген Әлдибекұлы)

2. Төрің, күнің сөздерінің бірінші дыбыстарын алып тастасақ, сонда не өзгереді?

3. Бірынғай мүшелердің арасына қандай белгі қойдындар?



СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ. БАСТАУЫШ

Кім?, не?, кімдер?, нелер?, кімім?, кімің?, нешесі? дейтін сұрақтарға жауап беретін сөйлем мүшесін бастауыш дейміз.

Кім?, не? туралы айтылатын негізгі ойдың иесі – бастауыш.

353-жаттығу. 1. Жақшаның ішіндегі көп нұктенің орнына керекті сұрақты қойып жазындар.

1. Бақыт (...) орманға келді. 2. Ол жерде қайың (...) жайқалып тұр екен. 3. Оқушылар (...)

оған таңданып қарады. 4. Мен (...) оқулықта-рымды, дәптерлерімді жинағым. 5. Біз (...) табиғатты қорғауға тиіспіз. 6. Ағаштар (...) бүр ашты.

2. Жіктеу есімдіктерін айтындар.

354-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп, мағынасын аңғарындар.

1. Жел тұрды. 2. Бостандықта жидектер көп өседі. 3. Мектепте қоңырау соғылды. 4. Темірші күрек жасады. 4. Арық тазаланды. 5. Бәріміз бірге тамақ іштік. 5. Мәншүк, Әлия, Ләzzат – қазақтың батыр қыздары.

2. Бастауыштардың астын бір сыйықпен сыйындар.
★ 3. «Батыр қыздар» атты шағын әңгіме құрастырындар.

 **355-жаттығу.** Көп нүктенің орнына керекті бастауыш мүшениң қойып, сөйлемдерді қатесіз жазындар.

- 1.... таусылады, ... таусылмайды.
- 2.... көпке жеткізер, көкке жеткізер.
- 3.... – ананың бауыр еті.
- 4.... қартайса, тышқан аулайды.
- 5.... зынданнан жаман.

Керекті сездер: білім, байлық, өнер, ақыл, бала, бүркіт, зұлымдық.



БАЯНДАУЫШ

Баяндауыш – сөйлемнің тұрлаулы мүшесперінің бірі.

Баяндауыш көп ретте жіктік жалғауында тұрады.

Баяндауыштың сұрақтары: не істеді?, қайтті?, қайтеді?, қандай?, кім?, не?, не істепті?

356-жаттығу. Төмендегі сөздердің ішінен қимылды білдіріп тұрғанын тауып, қатесіз көшіріңдер.

Аспан, ашылды, күн, құркіреді, әтеш, шақырды, есек, ақырды, көмек, көмектесті, кесе, кеседі.

357-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауларын жалғап, сөйлемдерді көшіріңдер.

- Мен қазір өзеннен келе... .
- Біз онда балық аула... .
- Сіз үлкен... .
- Желмен ұшып бара... .
- Бұлбұл болып кей үйдің шатырында сайрай... .

Баяндауыш барлық сөз табынан жасалады. Баяндауыш қай сөз табынан жасалса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді.



358-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар:

- Мен окушымын. Зат есімнен.

2. Алты жерде алты – отыз алты. Сан есімнен.
 3. Оның беті – қып-қызыл. Сын есімнен.
 4. Жаңбыр жауды. Етістіктен.
2. Баяндауыштың қай сөз табынан екендігіне көніл бөліндер.



СӨЙЛЕМНІҚ ТҮРЛАУСЫЗ МУШЕЛЕРІ

Бастауыш пен баяндауыштың сындық, сапалық, заттық ерекшеліктерін білдіретін сөйлем мүшелерін сөйлемнің *тұрлаусыз мүшелері* дейміз.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: *толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш*.

359-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді оқындар. Қармен жазылған сөздерге және оның жанындағы сұрақтарға көніл бөліндер.

1. Біз **ауылға** (қайда?) бардық. 2. Онда **әже-мізді** (кімді?) көрдік. 3. Әжеміз **таудан** (қайдан?) бүгін келген еken. 4. **Жылы** (қандай?) жел соғып тұр. 5. Мен **әжемнен** (кімнен?) риза болдым. 6. **Бұғін** (қашан?) әжемнің жақсы адам еkenіне әбден көзім жетті.

360-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Зәмира Ташкентке (қайда?) кетті. 2. Сүй-мегенге (кімге?) сүйкенбе. 3. Жығылған сүрін-

генге (кімге?) күледі. 4. Ол керекті кітапты (нені?) оқыды. 5. Кітаптың (ненің?) пайдасы көп. 6. Кеше (қашан?) қар жауды.

2. Тұрлаусыз мүшелердің қай септікте тұрғанын айтындар.



361-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқып шығып, қатесіз көшіріп жазындар.

Азамат – азат елдің баласы.

Азаматтың ешкімге өкпесі жоқ.

Азаматқа жігіттер әдейі келген.

Азаматты көріп, ел-жұрт келді

Азаматта ұят та, ар да бар.

Азаматтан кітап алдым.

Азаматпен дос бол.

2. Азамат сөзінің атау, ілік септігінен басқа септік жалғауларында келіп, басқа мүшелерді толықтырып, толықтауыш болып тұрғанын аңғарындар.



ТОЛЫҚТАУЫШ

Кімді?, нені?, неге?, кімнен?, неден?, кімде?, неде?, кіммен?, немен?, кім тұралы?, не туралы? дейтін сұрақтарға жауап беретін сөйлем мүшесін *толықтауыш* дейміз.

Толықтауыш сөйлемнің баяндауыш мүшесін мағыналық жақтан толықтырып тұрады: Қамбар ағасына (кімге?) барды. Кітапты (нені?) қадір тұт.

362-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті толықтауыштарды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар. Сұрақтарын жақша ішіне алындар.

1. ... көрген, ... көрген қарттарым. 2. Айнымалы ... үлгі етпе. 3. Айналдым ... аңқылдаған (Қ. Қалиев). 4. Армандап алыс ... , толқынның көрдім аққанын. 5. Біздер айттық ... термені. 6. ... не демекпін жатқан өтіп? (А. Мырзахметов)

Тиісті толықтауыштар: өмірге, домбырамен, жағаны, аналардан, достықты, анамды, атамды.

Үлгі: Анамды (кімді?) көрген, ...

363-жаттығу. Толықтауыштарды теріп жазындар.

1. Егіншілер егінді орып жатыр. 2. Сыртқа киімді киіп шықтым. 3. Манат баланы жұбатты. 4. Мұратбай Сәкенге қарады. 5. Көшкен ел малын айдады. 6. Ол денсаулық туралы ба-яндама жасады. 7. Ішерін ішіп болды ма?

Үлгі: егінді,

 **364-жаттығу.** 1. Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жазындар. Толықтауыштардың астын сызындар.

Қырыққабат

Әзіл айтсаң түйінді,	Қат-қат киім Сатайды
Ол Сатайға тиеді.	Домалатып матайды.
Әйткені ол киімді	Оны көрген балалар
Қабат-қабат киеді.	Қырыққабат деп атайды.

(Р. Тышқанбаев)

2. Сатайдың киімдерін сипаттайтын сөздерді атаңдар. Бұл сөздерді қандай сөздер дейміз?
3. Біріккен сөз қайсы сөз?



АНЫҚТАУЫШ

Қандай?, қай?, қайсы?, кімнің?, ненің?, қанша?, неше?, нешінші? дейтін сұрақтардың біріне жауап беретін сөйлем мүшесін **анықтауыш** дейміз.

Анықтауыш анықталушы сөздің алдында келеді: **жеті (неше?) оқушы, шырақтың (ненің?) сәулесі, бұл (қай?) ауыл.**

365-жаттығу. Жақшаның ішіне тиісті сұрақтардың қойып сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Қатты (...) боран басталды. 2. Жүз (...) жігітті атқа мінгіздік. 3. Аспанды қара қоңыр (...) бұлт торлады. 4. Бөрікті (...) балалар мен сәукелелі (...) қыздар.

366-жаттығу. Көшіріп жазындар. Анықтауыштардың астын _____ сызықпен сызындар. Сұрақтарын үстінен жазындар.

1. Түркінің қасиетті жері. 2. Әскері үш мың екен. 3. Тәтті сөз. 4. Кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. 5. Алып кісілер бізге шабуыл жасады. 6. Сол дүшпанды жояйық («Күлтегін», «Тонықек» жазуларынан.)

қай?

Үлгі: Сол дүшпанды жояйық.

Анықтауыш өзінен соңғы сөздің белгісін, санын, түр-түсін, кімге, неге тиісті, меншікті екенін анықтап тұрады.



367-жаттығу. 1. Қарамен жазылған сөздердің үстіне сұрақтарын жазып, сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айтындар.

Сарыжайлау

Жазира, **жасыл** кілем өрнектеген,
Тұған жерге, дариға, жер жетпеген!
Кең өлкем, әлдилей бер, сен деп келем,
Аңсап келем, сағынып, шәлдеп келем.

Қайырмасы:

Саумал бұлақ – **балдай** дәрім,
Салқын самал – баурайларың.
Саялаған, беу, туған жер,
Сағындырған Саржайлауым.

(M. Мақатаев)

2. Өлеңді қатесіз көшіріп, жаттап алындар.
3. Қарамен жазылған сөздер қай сөздермен байланысып тұрғанына көніл бөліндер.



ПЫСЫҚТАУЫШ

368-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріндер. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойындар.

1. Туғанда дүние есігін ашады өлең. (Абай.) 2. Жауында басқалар жатса да, малшы жатпайды (F. Мұстафин) 3. Күнкенің аулына барып, екі қоржынды басып кітап әкелді.

(М. Эуезов) 4. Кекіректегі байлаулы арыстан қозғалып, бостандықты ойлап ақырын қимылдайды. (С. Сейфуллин) 5. Абай үншіл жүйрік домбыраны әдейі Әйгерім үшін тартатын. (М. Эуезов)

369-жаттығу. 1. Төмендегі сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш бар ма? Пысықтауышы бар сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

қандай? не? қайтті?

1. Жаңбырлы мезгіл басталды.
Кеше жаңбырлы мезгіл басталды.
2. Ол айтты.
Ол қысқа айтты.
3. Мынау айтылғанды аңғарды.
Мынау айтылғанды тез аңғарды.
2. Сөйлемдерді салыстырғанда, екінші қатардағы сөйлемдерде қандай мүшениң бар екенін аңғардыңдар?
3. Сөйлем мүшелерінің байланысын сызықпен көрсетіңдер.

Сөйлем мүшелерінің байланысы:

Үлгі:

Кеше жаңбырлы мезгіл басталды.

Қалай?, қайтіп?, қайдан?, қашан?, не себептен?, не мақсатпен? дейтін сұрақтардың біріне жауап беретін сөйлем мүшесін пысықтауыш дейміз.

Пысықтауыштар іс-әрекеттің (баяндауыштың) мекен, мезгіл, себебі мен мақсатын білдіреді.



370-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, пысықтауыштардың астын (----) сызықпен сыйындар. Сұрақтарын үстіне жазындар.

1. Салқында жүгіруге ыңғайлы, ыстықта олай емес.
2. Ол киімдерін буып-түйіп болған ғой.
3. Асқар кеше келді.
4. Ертең таңертең шөп оруға бар.
5. Қозалар жаппай гүлдепті.
6. Оның сөзінде бірен-сарап қате болса керек.
7. Бұл ауылға әдейі келдім.
8. Та什кентке оқу мақсатымен келгендер көп.

не мақсатпен?

Үлгі: Та什кентке оқу мақсатымен келгендер көп.

⌚ СӨЙЛЕМ МҰШЕЛЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

**Сөйлем мұшелері жалғау арқылы да,
жалғаусыз да байланыса береді.**


**Сөйлем мұшелерінің байланысын сұрақ
қою арқылы айқындаймыз.**

371-жаттығу. 1. Өлеңді оқып шығындар.

Етектейін еріннен
Екі елісі қалыпты.
Қиған қамыс құлақтан
Бір тұтамы қалыпты.
Жалбыраған жалынан
Жалғыз қарыс қалыпты.

(«Ер Тарғын» жырынан)

2. Әрбір сөзге сұрақ қойындар.
3. **Жалғыз** деген сөзді қай сан есіммен ауыстыруға болады?



372-жаттығу. Сөйлемдерді оқындар. Жалаң сөйлем мен жайылма сөйлемді бөлек-бөлек жазындар.

1. Қара жерге қар жауады.
2. Қар жауды.
3. Отаудай омыртқаң бар.
4. Омыртқа сынбады.
5. Алты қабат ала арқан сүиреттім.
6. Күн шықты.
7. Тұтін бұрқырады.
8. Мұржадан будақтап тұтін шығады.
9. Шолпан – оқушы.
10. Аспанда шолпан жұлдыз жарқырады.

Yлгi:

1. Шолпан – оқушы.
 2. Аспанда шолпан жұлдыз жарқырады.
- a) –**Кім** оқушы?
- Шолпан.
- Шолпан **кім?**
- Оқушы.
- ә) –**Не** жарқырады?
- Жұлдыз** жарқырады.
- Қайда** шолпан жұлдыз жарқырады?
- Аспанда** шолпан жұлдыз жарқырады.



373-жаттығу. Тыйым сөздері бар сөйлемдерді оқындар. Қай сөйлем мүшелері бір-бірімен байланысып тұрғанын айтындар.

1. Адамды, малды аттама.
2. Тұнде суға барма.
3. Шашыңды, тырнағыңды өсірме.
4. Үйдегі қонақтарды санама.
5. Үйге қарай жүгірмө.

Үлгі:

Кімді аттама?

Адамды аттама. Адамды аттама.

Нені аттама?

Малды аттама. Малды аттама.

кімді? нені? не істеме?

Адамды, малды аттама.

Адамды, малды, аттама.



ҚАРАТПА СӨЗ

Басқа біреудің назарын, көңілін аудару үшін қолданылатын сөзді қаратпа сөз дейміз: **Аға, үйге жүріңіз.**

374-жаттығу. 1. Сөйлемдерді салыстырып оқындар.

1. Зәмира бері келді.

Зәмира, бері келші!

2. Азамат ән салды.

Азамат, ән саласың ба?

3. Нұрлан Сырдариядан өтті.

Нұрлан, Сырдариядан өттің бе?

2. Бірінші бағандағы Зәмира, Азамат, Нұрлан сөздері бастауыш болып тұр.

3. Екінші бағандағы Зәмира, Азамат, Нұрлан сөздері белгілі бір мүше емес, тек назарды аударушы сөз ретінде қолданылып тұр.

Қаратпа сөз көбінесе сөйлемнің басында келіп, одан кейін үтір қойылады: Досым, тоғайға да қамқоршы болайық.

Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында келсе, оның екі жағынан да үтір (,) белгісі қойылады: Мен сені, қарағым, Самарқантта көргенмін.

375-жаттығу. 1. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп, қаратпа сөздердің астын сызындар.

1. Ақша бұлттар, аға, қайда асығып барады?
2. Кімнің баласы болсаң да, қарағым, әділетті, ибалы бол.
3. Сайрай бер, бұлбұлым, сайрай тұс.
4. Таукентке, қарлығашым, келдің бе?
5. Біздің елге, ардагерлер, қош келдіңіздер!

2. Қаратпа сөз сөйлемнің қай жерінде келіп тұрғанын айтындар.

**Қаратпа сөз сөйлемнің соңында келсе, қаратпа сөзден бұрын үтір (,) қойылады:
Сабаққа барасыз ба, көке?**



376-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, қаратпа сөз сөйлемнің қай жерінде тұрғанын айтындар.

1. Амансындар ма, шырақтарым? 2. Қайда жүрсің, балам? 3. Отан да анаң секілді қасиетті, шырағым! 4. Жаңбыр болып себелендер, ақ бұлттар! 5. Тиіндер әдемі екен, әке?! 6. Дауыл басылды ма, Шоқан?



ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІ

Басқа кісінің өзгертілмей, сол қалпында айтылған сөзін төл сөз дейміз.

Төл сөзді қолданушы адамның өз сөзін автор сөзі дейміз.

377-жаттығу. Төл сөз бен автор сөздің астын сызындар.

«Кел, балалар, оқылыш!» – деді ағартушы Ұбырай Алтынсарин.

Осы сөйлемдегі басқа біреудің өзгертілмей айтылған сөзі – «Кел, балалар, оқылыш!» Ен-деше, «Кел, балалар, оқылыш!» төл сөз болып табылады.

Төл сөзді қолданушы адамның сөзі – «деді ағартушы Ұбырай Алтынсарин». Сондықтан да «деді Ұбырай Алтынсарин» – автор сөзі.

378-жаттығу. Мәтінді оқып, төл сөздердің астын бір, автор сөзінің астын екі сызындар.

Ышқына теуіп, допты қақпаши Қараханның екі аяғының астынан бір-ақ зу еткізді.

—Гол! — деп айқайлап қалды өлгі қариялардың бірі.

—Сен, тіпті, мұны да біледі екенсің ғой, — деді екіншісі.

—Осы балаларды шақырып, қүрестіріп көрсек қайтеді? — деді Дәрібай қарт.

(Ә. Жолымбетов)

 **379-жаттығу.** Төл сөз бен автор сөздерін қатыстырып бірнеше хабарлы, сұраулы сөйлем құрастырып жазындар.

Төл сөз тырнақшаға алынып, бас әріппен жазылады: «Ананы ардақтай біл!»— деді Қоныс қария.

ЖЫЛ БОЙЫ ӨТКЕНДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ

380-жаттығу. Төл сөз бен автор сөздері қатысқан бірнеше сөйлем құрандар.

Кейде төл сөздің алдына сызықша қоылып, бас әріппен жазылады. Мәселен:

—Сумен ойнама! — деді атам.

—Отпен әзілдеспе! — деді әжем.

Төл сөз автор сөзінен кейін келсе, автор сөзінен соң қос нүкте қойылады:

Абай былай деді: «Ғылым таппай, мақтанба».

Төл сөз автор сөзінен бұрын келетін болса, онда төл сөзден кейін үтір мен сыйықша қойылады.

«Туған жерінді сүй», – деді Шады бабам.

★ **381-жаттығу.** 1. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.



Суреттен он бес балықты таба алдыңдар ма?
Балықтардың түсі қандай?
Балықтар қалай жүзіп жүр?

(«Балдырған» журналынан)

2. Жаттығудың шартындағы сұрақтар мен оқушылардың жауаптарын төл сөз бен автор сөзі етіп жазымыз.

□ **382-жаттығу.** Тәмендегі сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Қаратпа сөз дегеніміз не? Қаратпа сөзден кейін қандай тыныс белгілері қойылады?

2. Төл сөз дегеніміз не?
3. Автор сөзі дегеніміз не?

 **383-жаттығу.** 1. Өлеңді мәнерлеп оқып, қатесіз көшіріп жазындар.

Өзбекстан

Сен – шығыстың күн – **i** – сің,
 Сен – бостандық нұр – **y** – сың.
 Сен – хош иіс өлке – **ci**,
 Мәңгі көктем гүл- **i** – сің.
 Бақытты ел- **im**, ұлы ел- **im**,
 Құдірет- **iñ** – ді білемін.
 Еркін еңбек қүш- **i** – мен
 Жаңардың да, түледің.

(Назармат)

2. *i*-нің қай жалғау екенін айтындар. Тәуелдік, жіктік жалғауларын өлең жолдарынан табындар.

384-жаттығу. 1. Сөзжұмбақтың шешуін табындар.



2. Осы сөздерді өуелі тәуелдендер, жіктендер және септендер.



Жыл бойы өткендерді қайталау

МАЗМУНЫ

II, III сыныптарда өткенді қайталау. Сөйлем	3
Сөйлем мүшелері	7
Дыбыс пен әріп	8
У дыбысы	10
Қосарлы дауыстылар	13
Дауысты дыбыстар	18
Дауыссыз дыбыстар	20
Дауыссыздардың жуан, жінішке болуы	22
Қосарлы дыбыстар	26
Бұын	27
Біріккен сөздер	30
Қос сөздер	32
Қысқарған сөздер	35
Сөз таптары	37
Зат есім	40
Зат есім жасайтын жүрнақтар	42
Зат есімнің септелуі	45
Атау септік	48
Ілік септік	51
Барыс септік	53
Табыс септік	56
Жатыс септік	58
Шығыс септік	61
Көмектес септік	64
Тәуелдік жалғаулы зат есімдердің септелуі	67
Зат есімдердің жіктелуі	73
Сын есім	77
Қарсы мәндес сын есімдер	78
Дара және күрделі сын есімдер	79
Сан есім	82
Дара және күрделі сан есімдер	85
Етістік	88

Дара және күрделі етістіктер	91
Етістіктің жіктелуі	93
Етістіктің шақтары.....	95
Осы шақ.....	97
Өткен шақ.....	98
Келер шақ.....	99
Есімдік.....	100
Жіктеу есімдіктері	104
Жіктеу есімдіктерінің септелуі.....	107
Үстеу	109
Мезгіл үстеулері	111
Мекен үстеулері	112
Сын-бейне үстеулері	114
Күшайткіш үстеулері	115
Шылау.....	116
Сөз тіркесі, сөйлем және сөйлем мүшелері.....	123
Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем.....	126
Жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем.....	129
Сөйлемнің дара және күрделі мүшелері.....	132
Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.....	135
Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.....	140
Бастауыш.....	140
Баяндауыш	142
Сөйлемнің тұрлаусызы мүшелері	143
Толықтауыш.....	144
Анықтауыш	146
Пысықтауыш.....	147
Сөйлем мүшелерінің байланысы	149
Қаратпа сөз	151
Төл сөз бен автор сөзі.....	153
Жыл бойы өткендерді қайталау	154

Умаров, Мекембай.
О-52 Ана тілі: Жалпы орта білім беретін мектептердің
4-сыныбына арналған оқулық / М. Умаров. –7-басы-
лымы. –Т.: «O'zbekiston», 2020. –160 б.

ISBN 978-9943-01-081-9

УЎК 811.512.122 (075)
КБК 81.2 Қоз-9

O'quv nashri

Mekembay Umarov

ONA TILI

Umumiy o'rta ta'lif maktablarining 4-sinfi uchun darslik

Yettinchi nashri

(Qozoq tilida)

Редакторы З. Абдиназарова

Көркемдеуші редакторы Х. Құтлуков

Мұқаба суретшісі У. Сулаймонов

Техникалық редакторы Т. Харитонова

Компьютерде беттеген Г. Құлназарова

Баспа лицензиясы АI №158, 14.08.09.

Басуға 2020 жыл 9 июлде рұқсат етілді.

Пішімі 70×90^{1/16}. Кеглі 14,5, 12,5 шпонды. Офсеттік қағаз.

«Arial» гарнитурасы. Офсеттік тәсілмен басылды.

Шартты баспа табагы 11,7. Есепті баспа табагы 4,98.

Таралымы 5408 дана. Тапсырыс №20-218.

«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011. Ташкент, Науан көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

www.iptd-uzbekistan.uz

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі тәмендегі бағалау критерінде негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мүқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық параптеры бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сыйзаған.
Орташа	Мүқаба езілген, аздап қана сыйылған, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдалануши жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлдынған, кейбір беттері сыйылған.
Нашар	Мүқаба былғанған, сыйылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мұлдем жок, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, параптеры жетіспейді, сыйып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

Умаров, Мекембай.
О-52 Ана тілі: Жалпы орта білім беретін мектептердің
4-сыныбына арналған оқулық / М. Умаров. – 7-басы-
лымы. – Т.: «O'zbekiston», 2020. – 160 б.

ISBN 978-9943-01-081-9

УЎК 811.512.122 (075)
КБК 81.2 Қоз-9

O'quv nashri

Mekembay Umarov

ONA TILI

Umumiy o'rta ta'lif maktablarining 4-sinfi uchun darslik

Yettinchi nashri

(Qozoq tilida)

Редакторы З. Абдиназарова
Көркемдеуші редакторы Х. Құтлуков
Мұқаба суретшісі У. Сулаймонов
Техникалық редакторы Т. Харитонова
Компьютерде беттеген Г. Құлназарова

Баспа лицензиясы AI №158, 14.08.09.

Басуға 2020 жыл 9 июлде рұқсат етілді.

Пішімі 70×90^{1/16}. Кеглі 14,5, 12,5 шпонды. Офсеттік қағаз.

«Arial» гарнитурасы. Офсеттік тәсілмен басылды.

Шартты баспа табағы 11,7. Есепті баспа табағы 4,98.

Таралымы 580 дана. Тапсырыс №20-219.

«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011. Ташиент, Науан көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

[www.iptd-uzbekistan.uz](http://iptd-uzbekistan.uz)